

#КүшімізБірлікте

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● F.МҮСІРЕПОВ – 120



КӨРКЕМСӨЗ ЗЕРГЕРІ

7

● РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



АЛТЫН АДАМНЫҢ АМАНАТЫ

12-13

● #ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 20 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 099 210

II компонентпен
1 079 363

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 20 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 474 541** адам,
II компонентпен **9 221 035** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
3 725 263

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 10 м/с

22.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №42 (6177) 21 сәуір, бейсенбі, 2022 жыл.

● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«ЖЕЛТОҚСАН» САЯБАҒЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев нысанды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының аралық нәтижелерімен танысты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Нысанды пайдалануға беру мерзімі мердігер ұйымдардың тарапынан кідіргеніне байланысты бірнеше рет кейінге шегерілді. Компания барлық жұмыстарды ағымдағы жылдың қыркүйегіне дейін аяқтауы тиіс.

3

● ЗЕРДЕ

ТҰЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Алматыда реставрациялаудан кейін Д.Қонаев пен
F.Мүсіреповтің мұражай-үйлері ашылды



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мұражайлардың ашылу рәсіміне Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.

Мамандар көрнекті мемлекет қайраткерінің 110 жылдығын мерекелеу аясында мұражайды қалпына келтіру жұмыстарын аса ыждағаттылықпен жүргізді.

Ашылу салтанатына Д.А.Қонаевтың Халықаралық қоғамдық қорының төрағасы Эльдар Қонаев, Д.А.Қонаевтың жиені Диар Қонаев, оның жеке дәрігері Ахат Мулюков, досы әрі серіктесі Александр Гойколов қатысты.

ЗАМАНАУИ САНДЫҚ ЖӘНЕ
МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН
ЖАБДЫҚТАЛДЫ

Реставрация және экспозиция процесіне мұражай және мұрағат ісі саласындағы жетекші мамандар, дизайнерлер, мүсіншілер, суретшілер, бейнеинженерлер және т.б. тартылды. Жұмыс барысында Д.А.Қонаевтың Халықаралық қорымен келісілген тұжырымдама мен жобаның эскизі әзірленді.

7

● ҚЫСҚА...

- ЕХРО-2020: Қазақстан павильоны үздік үштікке кірді.
- Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы әуе рейстерінің саны артады.
- Жансая Әбдімәлік Алматы шахмат федерациясының президенті атанды.
- Ұшақ сүйреген алматылық спортшы Алмат Жұманов рекордтар кітабына кірді.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТЖД баспасөз қызметі Алматыда тау бөктеріндегі қар жамылғысының тұрақсыз жағдайына, сондай-ақ, Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің бассейндерінде күтілетін жауын-шашынға байланысты 19-22 сәуір кезеңінде қар көшкінінің түсу қаупі сақталатынын ескертеді және алматылық туристерге барынша абай болып, тауға барудан бас тартуды ұсынады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ САЛАСЫН
ДАМУЫ АСА МАҢЫЗДЫБұл – Қазақстанның нетто-экспортерге
айналуына мүмкіндік береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның қазіргі жұмыстары мен қаржылық жағдайы және алдағы кезеңдегі даму перспективалары туралы есеп берілді.

Кездесу барысында Каспий құбыр желісі консорциумына қатысты ахуалға ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысына айлақтың жылжымалы құрылғылар жүйесін жөндеу жұмыстарының жуырда аяқталатыны жөнінде баяндалды. Бұл Қазақстан мұнайын Каспий құбыр желісі консорциумы арқылы тасымалдаудың бұрынғы көлемін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау облысындағы полипропилен шыға-

ратын кешен құрылысының барысы туралы мәлімет берілді. Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, аталған зауыттың құрылысын жуық арада аяқтау жоспарланып отыр.

Президент еліміздің мұнай-газ химиясы саласын дамытудың аса маңызды екенін айтты. Бұл мұнай-газ химиясының өнімі бойынша Қазақстанның нетто-экспортерге айналуына мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Amanat партиясының атқарушы хатшысы Асхат Ораловты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа партияны жаңғырту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет берілді.

ҮКІМЕТ

Еліміздің Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы мақұлданды.

ПАРЛАМЕНТ

Парламент Кибербуллинг туралы заңды қабылдады. Мәжілістің жалпы отырысында палата депутаттары баланың құқықтарын қорғау туралы заң жобасына Сенат енгізген өзгерістерді мақұлдады. Құжат Президенттің қол қоюына жіберілді.

МИНИСТР

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов педагогтарды әлеуметтік қолдау бағдарламасы биылғы қыркүйек айынан басталатынын айтты. Мұғалімдердің жалақысы 790 мың теңгеге дейін көтеріледі.

ЖӨРДЕМАҚЫ

Жыл басынан бері қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы түрінде 104,6 млрд теңгеден астам қаражат төленген. 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мүгедектік жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 52 609 теңгені, асыраушыдан айырылу жағдайында 43 957 теңгені құрады.

ЕХРО-2020

Халықаралық көрмеде Қазақстан үздік үштіктен орын алды. Көрмеге 192 ел мен 30 халықаралық ұйым қатысты, келушілер саны 24 миллионнан астам адамды құрады. Ұйымдастыру комитетінің мәліметтері бойынша, қазақстандық павильон 1,6 миллионнан астам адам және мыңнан астам ресми делегациялар келген ең танымал 10-дық топқа кірді.

КОНВЕНЦИЯ

Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенция ратификацияланды. Мемлекет басшысы «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

РЕИС

Қазақстаннан Батумиге әуе рейстері қайта ашылады. Air Astana әуе компаниясының мәліметінше, 3 маусымнан бастап Алматыдан Батумиге рейстер ашылады. Рейстер аптасына бес рет қатынайды. Жалпы, Грузияға Қазақстаннан аптасына 22 рейс бар.

ДИПЛОМ

ҚР Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік білім туралы құжаттардың формасына өзгерістер енгізетін бұйрық дайындады. Орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның баға қойылатын екі тілдегі қосымшасына өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

МАӘСЛИХАТ

АЛМАТЫ КӨШЕЛЕРІ ҰЗАРАДЫ

Қаланың көлік инфрақұрылымын
дамыту жоспары әзірлендіГүлжанат
СЕМБАЕВА

Жоспарда мегаполисте жолдар салынып, бірнеше көшені тесу қарастырылған.

Мына көшелерді бұзып өту жоспарлануда: Төле би көшесі Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейін – 2 учаске – 2022–2026; Рысқұлов даңғылы Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін – 2024–2029; Қажымұқан көшесі Назарбаев даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейін – 2023–2026; Тілендиев көшесі Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін – 2024–2030; Солтүстік айналым көшесі қала шекарасына дейін – 2024–2027; Жұбанов көшесі – Момышұлы қала шекарасына дейін – 2024–2028; Мұқанов көшесі


Райымбек даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін – 2024–2028; Райымбек даңғылы Жетісу көшесінен Талғар трактіне дейін – 2024–2030; Хмельницкий көш. «Жас қанат» ықшамауданынан Талғар трактіне дейін – 2024–2028 ж.ж.

Сонымен қатар, Саин–Мөңке би көшелерінің қиылысында (Ақын Сара) көлік айрығын салу жоспарлануда. Ол 2024 жылы аяқталады.

«Шапағат» (Заря-Восток), «Боралдай», «Теректі», «Рахат-Мәдениет», «Шұғыла», «Ақжар», «Маяк» және басқа да шағынаудандарда жаңа жолдар салу қарастырылған.

Жұмыстар негізінен 2025 жылға дейін жоспарланған. Құжат жобасы 3 мамырға дейін қоғамдық талқылау үшін Ашық НҚА веб-сайтында орналастырылған.

#ЖОЛДАУ2022



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ
ЕСКЕРІЛЕДІОрталық сайлау комиссиясының төрағасы
Алматы қаласының жұртшылығымен кездесу өткізді

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Досбол
АТАЖАН

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Алматыда ҚР Орталық сайлау комиссиясының басшылары шаһар тұрғындарымен және қала жастарымен кездесті. Атап айтқанда, тұрғындармен кездесуге спикерлер ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров, Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров, Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман, Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина келді. Сондай-ақ, жиынға Мәжіліс депутаттары, Өңірлік сайлау комиссиясының мүшелері, қоғам белсенділері, тәуелсіз бақылаушылар және қала жұртшылығы қатысты.

Спикерлер тарапынан айтылған қысқаша кіріспеден кейін жиын ашық сұрақ-жауап форматында өтті. Сайлау заңнамасы мен сайлау жүйесін жетілдіру мәселелері төңірегінде жанды пікір алмасу болды. Шара барысы тікелей эфирде көрсетілді. Отырыс кезінде айтылған мәселелер мен ұсыныс негізіндегі түйіндемелерді назарларыңызға ұсынамыз:

- *Іс-шара сайлау өткізудегі қиындықтар мен кедергілерді сайлаушылар аузынан есту, олардың сұрақтарына жауап беріп, жаңа ұсыныстарын ескеру мақсатында ұйымдастырылып отыр;*
- *Сайлау барысын тікелей эфирде көрсету мәселесі қарастырылуда. Бүгінгі күні сайлау учаскелерін тәуелсіз бақы-*

лаушыларға фото және видеоға түсіруге рұқсат етілген (тікелей эфирде емес);

- *Заң жүзінде қабылданып, бірақ шынайы өмірде іске аспайтын заңнамалар болмас үшін жұмыс жасалуда;*
- *Сайлау Қазақстан азаматтары үшін ерікті түрде өтеді. Адамдарды сайлауға келуге міндеттейтін заңнама қарастырылып жатқан жоқ;*
- *Орталық сайлау комиссиясы тарапынан сайлау барысын барынша цифрландыру, цифрлы қолтаңба арқылы дауыс беретін жүйе жасау туралы ұсыныстар қарастырылады;*
- *Өңірлік сайлау учаскелерінде бір күнде сайлау өткізіп, оның нәтижелерін нақты бір мезгілде шығару қиындығына байланысты сайлау уақытын бірнеше күнге созу ұсынысы ескерілді;*
- *Барлық өңірдегі сайлау комиссиясы мүшелерінің біліктілігін арттыру үшін ОСК тарапынан каскадты оқыту жүйесі қолданылады;*
- *Орталық сайлау комиссиясының құзыреттілігіне кірмейтін мәселелерге байланысты сұрақтар қоюшылар тиісті мекемелерге бағытталды.*

Айта кеткен жөн, бұл шара – Алматыда өткен Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Орталық комиссия төрағасы және оның мүшелерімен алғашқы әрі тарихи кездесу. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мұндай кездесулер барлық Қазақстан өңірлерінде өтіп жатыр. Қазірге дейін Орталық сайлау комиссиясының мүшелері 7400-ден астам адаммен кездесіп, 400 сұрақ-ұсыныстарға жауап берді.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«ЖЕЛТОҚСАН» САЯБАҒЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев нысанды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының нәтижелерімен танысты

**Шаһардағы
20 мыңнан
астам тұрғын үшін
жаңа демалыс орны
пайда болады**



(Басы 1-бетте)

Жобада саябақты абаттандыру мен көгалдандыру, соның ішінде көлді тазарту және ұзындығы 40 метр көпір салу қарастырылған. Бүгінде мердігер компания жұмыстардың бір бөлігін орындады – саябақ аумағында жаяу жүргінші жолдары салынды, орындықтар қойылды, жарық шамдары орнатылды және 3 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Тексеру барысында қала әкімі тротуар плиткаларын төсеу сапасын сынға алды – барлық жаяу жүргіншілер жолында төселген тастар едәуір отырып қалған, аралары ажырап, жарықтар байқалатынын атап өтті. Қала басшысы ағаш орындық кешендерінің бетін өңдеу технологиясына қатысты ескерту жасады – олардан бояу бүкіл нысанды пайдалануға бергенге дейін ескіріп, түсіп қалуы әбден мүмкін екенін ескертті. Саябақ аумағын жарықпен толық қамтамасыз ету үшін Ерболат Досаев жаяу жүргіншілер жолының екі жағына да жарық шамдарын орнатуды тапсырды. Сондай-ақ, көгалдандыру кезінде дұрыс ағаш көшеттерін немесе қажет болған жағдайда көгалдарды таңдау үшін топырақтың ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.

Алматы қаласының әкімі саябақтардың барынша жайлы болуын талап етті. «Әкімдік саябаққа қажетті қаражатты бөледі, олар нысаналы мақсат бойынша пайдаланылуы тиіс. Мердігер ұйымдар



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов

ескертілген дүниелерді өз қаржысы есебінен барлық талаптарға сай орындауы міндетті. Сондай-ақ, технологиялық процестерді сақтай отырып, абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстарды атқаруы қажет», – деді Ерболат Досаев.

Шаһар басшысына саябақты дамыту бойынша алдағы жоспарлар таныстырылды. Мамандар суы аз көлді тазартуға ниетті. Соңғы жылдары тоған қамысқа толып, түбі таязданып қалған, ал жағалауына құрылыс қоқыстары төгілген. Көлді тазарту жобасы аясында оны қалалық арық жүйесіне қосу жоспарлануда, Жарбұлақ өзенінен көлдің суын молайту мүмкіндігі қарастырылуда.

Саябақты реконструкциялау барысында жаяу жүргіншілер көпірі, балалар және спорт алаңдары салынып, шағын сәулет пішіндері орнатылады. Барлық жұмыстарды мердігер ұйым ағымдағы жылдың қыркүйегіне дейін аяқтауы тиіс. Ерболат Досаев саябақты абаттандыру және көгалдандыру жобасы аяқталғаннан кейін саябақ бойынша жеке қабылдау жүргізетінін атап өтті.

Саябақ пайдалануға берілгеннен кейін жакын маңдағы «Жас қанат», «Маяк тоғайы», «Колхозшы» және т.б. шағынаудандардың 20 мыңнан астам тұрғыны үшін жаңа демалыс орнына айналады.

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

БАСПАНА

ИПОТЕКА ИГЛІГІ

«7-20-25» бағдарламасымен 42 мыңнан астам қазақстандық үйлі болды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Елімізде «7-20-25» тұрғын үй ипотекалық бағдарламасын іске асыру жалғасып келеді. Ипотекалық бағдарлама белгіленген лимит – 1 триллион теңгеге жеткенге дейін жұмыс істемек. Бүгінде жоспарланған 1 триллион теңгенің 534 миллиард теңгесі берілді. Демек, «7-20-25» бағдарламасының әлі 466 миллиард теңге резерві бар.



«Қазақстанның тұрақты даму қоры» АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, «7-20-25» бағдарламасы бастапқы, пайдалануға берілген тұрғын үйді сатып алуға ғана несие береді. Ең көп ипотекалық қарыз Нұр-Сұлтан қаласында берілді. 212,2 млрд теңге сомасына 14 232 кредит. Алматыда – 127,5 млрд теңге сомасына 8912 кредит, Шымкентте – 33 млрд теңге сомасына 2843 несие берілді.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтардың көпшілігі ақшаны үнемдеу үшін және таңдау көп болғандықтан, құрылысы аяқталмаған тұрғын үйді брондауды қалайды.

«Осы тұста өте мұқият болу керек. Кейбір құрылыс компаниялары сатып алушылардың ақшасын жинап алу мақсатында Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңының талаптарына сәйкес келмейтін тұрғын үй сатып алудың әртүрлі схемаларын ұсынады. Тұрғын үй сатып алудың бұл жолында ақша жоғалту қаупі бар. Осыған байланысты азаматтардан әр қадамын таразылап барып қана шешім қабылдауын сұраймыз», – делінген хабарламада.

Ипотекалық бағдарламаның талаптарында баға лимиті белгіленген. Сатып алынатын тұрғын үйдің бағасы Нұр-Сұлтан, Алматы (қала маңы аймақтарын қоса алғанда), Ақтау, Атырау және Шымкент қалаларында 25 миллион теңгеден, Қарағанды қаласында 20 млн теңгеден және қалған өңірлерде 15 млн теңгеден аспауы тиіс.

«7-20-25» бағдарламасы халықтың барлық санатына арналған. Атында тұрғын үйі, басқа ипотекалық несиелері жоқ, еңбек және кәсіпкерлік қызметтен ресми түрде расталған кірісі бар елдің кез келген азаматы ипотека ала алады.



СҰХБАТ

АЛЫП ШАҒАРДЫҢ ШЫРАҚТАРЫ

Алматыны кеш қарайған сәттен таңсәріге дейін барлығы
185 мың 168 шам жарықтандырып тұрады

Бүгінде мегаполис көшелеріндегі жанып тұрған барлық шамдарға «Алматы Қала Жарық» мекемесі жауапты.

Қас қарая алып шаһарды самаладай жарқыраған шамдардың шұғыласына бөлейтін мекеменің бүгінгі жұмысымен танысу мақсатында біз «Алматы Қала Жарық» МКК басшысының орынбасары Мақсат БАТХАНМЕН сұхбаттасқан едік.

– Мақсат Орынбасарұлы, қала меншігіне өткен «Алматы Қала Жарық» МКК қандай мәселелерге басымдық бермек? Алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Көше жарығы – ауызсу, газ, жол және байланыс салалары секілді қала мәдениеті мен көркінің ажырамас бөлігі. Сондықтан «Алматы Қала Жарық» кәсіпорны жылдағы атқарып жүрген жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастыра бермек. Яғни қала шекарасының аумағында бағандар, кабельдер, жарықшамдар мен сыртқы жарықтандыруды басқару шкафтарына қызмет көрсету жұмыстары тоқтамайды. Ал ең басты жоспарымыз – Алматыны модернизацияланған сыртқы жарықтандыру желілерімен қамту және олардың санын көбейту болмақ.

– Алматының шеткі аудандары сыртқы жарықпен қашан толық қамтылады? «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– «Шетсіз қала» тұжырымдамасы бойынша Алматы аудандарында 2024 көшеге жарық жүйесін орнату жұмыстары жалға-



суда. Қазіргі таңда мегаполистің төрт ауданында (Өуезов, Алмалы, Бостандық және Медеу) құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыстар осы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлап отырмыз.

– Жалпы, қалада қанша түнгі жарық шамдары бар?

– Қазіргі таңда Алматының сегіз ауданы бойынша 185 168 жарық шамдары бар.

– Электр қуатын үнемдеудің түрлі жолдары бар деп жатады. Бұл бағытта

Алматыда қандай шаралар қолға алынған?

– Кәсіпорын мен Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы және «ABM-Building2007» ЖШС арасында 20.11.2018 жылғы «Алматы қаласын сыртқы жарықтандыруды жаңғырту» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік (әрі қарай – МЖӨ) шарты жасалған болатын. Мұндай жобаны қолға алудың бір себебі – электр энергиясын үнемдеу. Яғни МЖӨ шартында 5 жыл

бойы (2019-2023 ж.ж.) ескі шамдарды жаңа LED-шамдарға ауыстыру қарастырылған. Бұл жүйе көшелерге жарық беріп тұрған шамдарға шығындалатын энергияны 15%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

– Кейде қалада шамдар күндізгі уақытта да жанып тұрғанын байқаймыз. Оның себебі неде? Мұндай жағдайларда қайда хабарласқан жөн?

– Шамдардың күндізгі уақытта жанып тұруының өзіндік себебі бар. Негізінен, мұндай жағдайлар жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты туындайды. Яғни қаланың сыртқы жарықтандыру желілерін қалпына келтіру және түнгі кезекшілік кезінде анықталған ақауларды жою үшін күндіз шамдарды қосуды күйінде қалдыруға тура келеді. Сондықтан мұндай жұмыстар техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөле отырып, қолданыстағы ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ал егер сіз күндізгі уақытта жанып тұрған шамдарды күнде көретін болсаңыз, онда сөз басқаша. Мұндай жағдайларды баяндау үшін диспетчерлік қызметке – 300-75-41, 300-75-42 телефон нөмірлеріне хабарласуыңызға болады. Өтінімдер тәулік бойы және демалыссыз қабылданады. @almatykalazharyk Instagram және Facebook парақшаларына жазу арқылы да ақпарат алуға мүмкіндігіңіз бар.

– Мекемеде қанша қызметкер жұмыс істейді? Неше диспетчерлік пункт немесе бригада бар?


– Алматының түнгі жарығын бақылап, көшедегі ахуалды баяндап отыратын 18 бригада бар. Жалпы, кәсіпорында 53 адам жұмыс жасайды.

– Ендеше, Алматының жарығы ешқашан сөнбесін! Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



Жылу желілеріне гидравликалық сынақ жасалады

Алматының 8 ауданында 19 сәуір мен 6 мамыр аралығында таңғы сағат 4-тен 7-ге дейін жылу желілері гидравликалық сынақтан өткізіледі. Бұл туралы «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Сол себепті, «Алматы жылу жүйесі» ЖШС қала тұрғындары мен қонақтарына автокөліктерді сынақ өткізілетін жерлердегі тұрақтарға уақытша қоймауға және сактық шараларын сақтауға шақырады.

«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қарамастан, штаттан тыс жағдайлар: судың жер бетіне шығуы, жол жабынының ішінара бұзылуы орын алуы ықтимал. Мұндай жағдайларда өз бетіңізше ешқандай іс-қимыл жасамаңыз, оқиға орнынан дереу кетіп, ол туралы «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-ға 378-06-48 (қосымша 1014), 378-06-62 (қосымша 1013) немесе 109 теле-

фондары арқылы хабарлаңыз», – деп ескертті компания өкілдері.

Жылу желілеріне сынақ жүргізу кесте бойынша жүргізіледі. Алматылықтар кесте бойынша тізімді сайттардан көруіне болады.

Іс-шараға жауапты мекеменің хабарлауынша, аталған аумақтардың контурларында тұратын барлық тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау толығымен сақталады. Гидравликалық сынақтар қалалық жылу кешенін алдағы жылыту маусымына дайындау аясында жылу желілері жабдықтырының жай-күйін тексеру және құбырлардың проблемалы учаскелерін анықтау үшін жүргізіледі. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС қала тұрғындарынан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрайды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Көлік қозғалысы жеңілдейді

Президенттің Алматы агломерациясының көлік моделі туралы тапсырмасының орындалу барысы туралы ҚР ИИДМ-де айтылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша министрлік Дүниежүзілік банкпен бірлесіп Алматы агломерациясының көлік моделін әзірлеу бойынша жобаны іске асыруда. Бұл жоба автомобиль ағындарын жеңілдетуге және қалалық қозғалысты оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Осы жұмыс аясында мамандар көлік ағындарын тиімді басқару және интеллектуалды көлік жүйелерін дамыту бойынша халықаралық тәжірибені зерттеді. Сонымен қатар, мегаполистің көлік моделін әзірлеушіні анықтайтын байқау рәсімдерінің бірінші кезеңі



өткізілді. Германия, Испания, Италия, Израиль, Франция, Португалия, Корея, Түркия, Үндістан және Ресей Федерациясында осындай жұмысқа қатысқан 11 компания өтінім берді. Алдын ала бағалау мекемесі қызмет жеткізушісін әрі

қарай анықтау үшін 6 үміткерді анықтады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта жобаның техникалық тапсырмасы әзірленді. Ол Дүниежүзілік банк сарапшыларының зерделуіне бағытталған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Жаңа автобустар жолға шықты

Қала тұрғындарының сұранысына орай 19 сәуірден бастап №59 маршрутқа 14 жаңа автобус шығарылды.

Бұған дейін жолда жүрген тоғыз метрлік автобустардың орнына енді он екі метрлік жаңа автобустар қызмет көрсететін болады. Ал босаған автобустар танымал әрі жүктемесі жоғары өзге маршруттарға жіберіледі.



Жалпы, бірінші жартыжылдықтың соңына дейін барлығы 300 автобустың жеткізілуі жоспарланған. Олардың барлығы техникалық да-

йындығына қарай кезең-кезеңмен маршруттарға шығарылатын болады.

Қазіргі кезде әкімдік қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға басымдық беріп отыр. Бұл бағытта экологиялық таза көліктерді көбейтіп, халықтың өмірі мен денсаулығы үшін жайлы орта жасалып, автобустардың жүктемесін азайтып, жолаушылар ағымын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

МЕДЕУ АУДАНЫ

Оңай олжа орға жығады

«Думан» ықшамауданының тұрғындары әлеуметтік желіге көшелеріндегі кәріз құдықтарының беттері ұрланған жағдайды баяндап, бейнежазба жүктеген. Бейнежазбадан жол бойындағы құдықтардың бірі емес, бірнешеуінің беті ашық жатқанын байқауға болады.

— Бір ай бұрын көшенің басындағы 3 құдықтың қақпағын алып кетті. Балаларымыз үшін алаңдаймыз. Ойын баласы емес пе, кейде ашық жатқан құдыққа доптары түсіп кетеді. Допты өзіміз аламыз дейді. Ал кеш қарайғанда жүрудің қандай қауіпті екені айтпаса да түсінікті шығар, — дейді Медеу ауданының тұрғыны Эльмира Ырысбекова.

Редакциядан: Кәріз құдығын ұрлап, оңай олжа табу — абырой әпермейтін іс. Заң бойынша шойын қақпақтарды жымқырып, оны пайда табудың көзіне айналдырғандар да, оларды арзан бағамен сатып алған кәсіпкерлер де қылмыскер болып саналады. Өйткені, аталған қылмыс орын алған жағдайда, басқа адамдардың өміріне қауіп төнеді.

Металл қабылдайтындардың айтуынша, қазір 1 келі темірдің құны — 70 теңге. Алайда, олар құдық қақпақтарын қабылдауға үзілді-кесілді қарсы. Егер қабылдаса, 200 АЕК көлемінде айыппұл арқалайды. Бұл шамамен 600 мың теңгеден асатын



көрінеді. Ал ұзынқұлақтардан естуімізше, ұрланған су құбырларының темір қақпақтарын металл қабылдайтын орындар алып, өңдеп, ерітіп, металл ретінде басқа да орындарға сатып жіберетін көрінеді. Сол себепті құдық қақпақтарын ұрлайтындардың қылмысы ашылу деңгейі төмен.

Қалалық Полиция департаментінің хабарлауынша, қазір жоғарыдағы факт бойынша сотқа дейінгі тексеру жұмыстары басталған. Мамандар қылмыс жасағандар жазасыз қалмайды деп отыр.

Ағаш көпір апатты жағдайда

Медеу ауданындағы Көңіл толқыны көшесінің бойымен жүріп-тұру мүмкін емес. Жолдың арғы бетіне өтетін ағаш көпір сынуға шақ тұр. Міне, қараңызшы, айналасы толған қоқыс. Аудан тұрғындары алдыңғы жылдан бері осы мәселе бойынша әкімдіктің табалдырығын тоздырған.

Алайда, құзырлы мекеме бұл мәселені «жабулы қазан күйінде» қалдыруды жөн көріпті.

— Мен алдыңғы жылдан бері Медеу ауданы әкімдігіне барып, көпір салып берулерін өтініп жүрмін. Бірақ нәтиже жоқ. Көшеде бейнебақылау бар. Соны қарап, қоқыс тастаған адамдарға айыппұл төлеттіру туралы ұсыныс та айттым. Бірақ олар менің бұл ойымды құптамады, — дейді Венера есімді аудан тұрғыны.

Біз Көңіл толқыны көшесіне арнайы барып, жағдайды көзімізбен көріп қайттық. Расымен, көпірдің жағдайы мүшкіл. Екі адам қатар өтер болса, ағаштар опырылып түсетіні анық байқалып-ақ тұр.



Осы мәселе бойынша Медеу ауданы әкімдігінен жақын арада тиісті шара қолдануын сұрайды тұрғындар.

Шұңқыр зардабы

Медеу ауданында тағы бір мәселе бар. Редакциямызға Әсия есімді апай хабарласып, немересінің Жетісу, 32 мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің алдындағы шұңқырға түсіп кетіп, аяғын жаралап алғанын айтты. Бұл тек Әсия апайдың отбасындағы ғана мәселе емес. Күні бүгінге дейін талай бала осы шұңқырдан зардап шеккен.

— Бұл жерде, көріп тұрғандарыңыздай, екі шұңқыр бар. Оның біреуін өзіміз амалдап таспен жауып қойдық. Екіншісін де солай істейміз, енді... Себебі, әкімдіктен еш пайда жоқ. Хабарласақ, «анаған-мынаған хабарласаңыз» деп әркімге бір сілтейді. Шыны керек, балаларымыз үшін қатты алаңдаймыз. Мектепке өздері барады. Сол кезде зардап шегіп қала ма деп қорқамыз, — дейді тұрғын.

Тұрғындардың жанайқайын тыңдап, аталған жерді көзімізбен көріп келдік.

Медеу әкімдігі жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, тұрғындардың мәселелеріне назар аударса құба-құп.



ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Көппәтерлі тұрғын үйдің жертөлесі кімге тиесілі?

Редакциямызға хабарласқан «Құлагер» ықшамауданының тұрғындары өздері тұратын тұрғын үйдің жертөлелері кімге тиесілі екенін білгілері келеді?

— Тұрғын үйді басқарудың жаңа форматына көшіп, МИБ құрып жатырмыз. Күні кешеге дейін бұл туралы ақпараттарға құлақ аспаған екенбіз. Арнайы мамандар келіп, жағдайды түсіндірген соң МИБ-тің артықшылықтарын түсінгендейміз. Енді бізде мынадай сауал бар. Өзіміз тұратын үйдің жертөлелерін өзіміз пайдалана аламыз ба? Егер жертөлемізді сол үйдің тұрғындары емес, «бөтен» адамдар дүкен, шапшараз, т.б. ашып, өз мақсаттары үшін пайдаланып жатса, не істемекпіз?, — дейді «құлагерлік» тұрғындар.

Тұрғындар сауалын жауапты мекемеге жолдағанымызда Тұрғын үй саясаты басқармасынан мынадай жауап келді: Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 2-бабына сәйкес, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі — дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ маршруты мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастырлар, техникалық қабаттар, жер-



төлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік).

Кондоминиум объектісін тіркеудің болмауы жертөлелерге құқықтарды талап етуден бас тартуға себеп болып табылмайды.

«Жертөле ортақ мүлік болғандықтан, оны жалға беру көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысында шешіледі.

Мұндай құқықты Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 42-1-бабында көрсетілген. Жалға беруден түскен барлық табыс үйдің қажеттіліктеріне жұмсалуды керек».

Пайдалану құқығы автоматты түрде тұрғындарға билік ету құқығын береді.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Балаларға алаң керек!

«Үй маңында бос жерлер көп, алайда балаларымыз ойнайтын бос алаң жоқ». Бұл — Әуезов ауданына қарасты №9 ықшамаудандағы №18 үй тұрғындарының 25 жылдан бергі жанайқайы. Айтуларына, әкімдікке осы мәселе бойынша талай рет хабарласқан. Бірақ еш нәтиже жоқ. Жылдар өтсе де басқарма үн қатпаған екен.

— «Мегаполис» деген маңызды статусы бар қаланың қақ ортасында тұрып, балалардың ауласына жарымау деген сұмдық қой! Мемлекет басшысының «Халық үнін еститін мемлекет» деген тұжырымдамасына үн қоспайтын қандай басшылық бұл! 25 жыл бойы еленбей келе жатқан мәселеміз шешімін тапса екен дейміз, — дейді Дана Пердеш.

Бұл мәселеге Әуезов аудан әкімдігі аталған мекенжай бойынша аула аумақтарын күрделі жөндеу құжатта бар



екенін айтады. «Құрылыс-монтаж жұмыстары ағымдағы жылға жоспарланған», — дейді әкімдік.

Тұрғындар әкімдіктің жауабы кезекті сырғытпа жауап болып, өтінішіміз ескерусіз қалмаса екен дейді. Биыл — Балалар жылы. Әкімдік осыны ескеріп қаламыздың кішкентай тұрғындарын қуанытпай қалар. Күтейік!..

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА БАСҚАРМАСЫ

Ағаштардың түбі неге әктелмейді?

— Сәуір айының басында Алматыда жалпықалалық сенбілік өтті. Оған қала тұрғындары да қатысып, белсенділік танытты. Кәдімгі мереке секілді өткен тазалық шарасынан кейін Алматымыздың тынысы ашылып, бір серпіліп қалғаны рас. Бірақ бір нәрсеге көңілім толмады. Бұрындары сенбілік кезінде қала көшелеріндегі жасыл желектердің түбін зиянкестерден қорғау үшін әктеп жататын. Ағаштардың түбін әктеу зиянкестерден қорғап қана қоймай, ыстық күндері өскіндерді күйік шалудан қорғайды деуші еді. Әлде, бұл әдіс заманына қарай өзгерді ме? — деп сұрайды алматылық Спайы Жолсейітқызы апайымыз.

Апайымыздың сөзінің жаны бар. Расында да Алматыдағы ағаштардың түбін ағартып әктеп жатқан жанды біз де байқамадық. Нақты әрі толыққанды жауап алу үшін қалалық Жасыл экономика басқармасына сауал жолдадық. Бірақ әзірге жауап келмеді. Алда жарқыраған жаз. Жасыл



желектің жайқалып өсетін шағы. Сол себепті, бұл тақырыпқа алдағы уақытта арнайы тоқталатын боламыз.

Дайындағандар — Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



#ЖОЛДАУ2022

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БЕТБҰРЫС

Бұл жолғы Жолдауда көптеген игі бастамалар көтеріліп, жаңашылдыққа бет бұрды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстанды» – жарқын болашақ бастауын бірге құруға үндеді. Мемлекет басшысы жүріп өткен жолды сыни және құрметпен бағалай отырып, жаңғырту жобалары ұсынылатын және талқыланатын диалог алаңдарын қалыптастыру қажет екенін атап өтті. Соның бірі – жасампаз күштердің «Жаңа Қазақстанды» құру идеяларын сындарлы талқылау, қабылдау және жүзеге асыру үшін бірігуіне мүмкіндік беретін Жалпыұлттық құрылтай болуы керектігін айтты.

Сонымен қатар, Құрылтайдың беделі пікірталастардың сипатына, талқыланатын тақырыптарға, қоғамымызды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалаудың барлық өзекті мәселелері бойынша консенсустың нәтижелі дамуына байланысты болады, ол өзінің ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша келешекте болатын процестерді бағалаудың тұрақты мониторинг алаңына айналуы әбден мүмкін.

Қазақ елі бейбітшілік мекені екені анық. Мұны халқымыздың дархан көңілімен байланыстырамыз. Бүгінгі таңда қастерлі Отанымызды дамытудың бағыт-бағдары айқындалуда. Әрине, тиімді бастама! Ұлытау, Жетісу, Абай облыстары ашу – тарихқа құрмет іспетті дүние. Көпшілік те қуанып жатыр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұрын ол өлкелердің облыстық статусы да болған. Мен бір ғана мысал келтірейін. Мәселен, Алматы маңындағы Қаскелең, Талғар сынды аудандар маңындағы тұрғындар Талдықорғанға сабылатын. Енді олай етудің қажеті жоқ. Қапшағайға Қонаев атауы беріледі. Бұл да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлының рухына, аңыз тұлғаға көрсеткен құрмет деп білеміз. Жалпы, әрбір саяси шешім шығарылмас бұрын әбден қаралады, сүзгіден өтеді. Ол – заңдылық. Күнделікті тірлікте де солай ғой. Сондықтан еліміздегі өзгерістер жақсылыққа бастайтынына сенеміз. Әрбіріміз өз саламызда табысты еңбек етсек, озамыз, дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Үлес МАДИЯРҰЛЫ,
Саясаттану, философия және
дінтану институты
директорының орынбасары.

БАСЫМДЫҚТАР АЙҚЫН



Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауды жариялап, алға қойып отырған мақсат-мүддені, ең негізгі басымдықтарды айқындап берді. Әсіресе, мектептердегі орын тапшылығын жойып, 2025 жылға дейін салынуы тиіс 800 мектептің саны 1000-ға дейін көбейтілетінін естігенде, біздер, ұстаздар қауымы ажолдай хабарды қуана қабылдадық. Рас, бізде мектептердегі орын тапшылығы әлі де бар. Өйткені, жыл өткен сайын мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер саны тым көбейіп келеді. Бұл, әрине, қуанышты жағдай.

Біз де демографиялық өніп-өсу бар деген сөз.

Сонымен қатар, бұл жағдай ел экономикасының жақсаруының халық санының артуына да өз ықпалын тигізіп отырғанын көрсетсе керек. Сондықтан осындай жүйелі жұмыстардың қолға алынып жатқаны менің әріптестерімнің де, басқа да жандардың көкейінде жүрген түйткілді мәселелердің түйінінің шешілетінін көрсетеді. Жылдар бойы жинақтаған зейнетақы жинағын тұрғын үй мәселесін шешу үшін пайдаланудың қосымша тетігін ойластыру да баспанаға қол жеткізгісі келетін талай жанның үмітін оятты. Сонымен қатар, азық-түліктің бағасы туралы да баса айтып, нақты тапсырмалар беріліп жатыр. Жолдаудағы айтылған басымдықтардың барлығы да бүгінгі өзекті мәселелерді шешуге бағытталып тұр. Біздер, білім саласы қызметкерлері Жолдаудың жүзеге асып, әл-ауқатымыздың жақсаруына негіз болатынына сенімдіміз.

Сайраш КӨБЕЛДЕСОВА,
№110 мектеп-гимназия
директорының орынбасары.

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекеттің тұтастығы мен бейбітшіліктің қадір-қасиеті артқан тұста Президентіміздің халық алдына жиі шығып, сұхбаттар беруі аса маңызды дер едім. Дәл қазір, барлығымыз ұлт болып ұйысып, әлеуметтік желілердегі түрлі қарастар мен әңгімелердің өрбуіне жол бермей, нақты жоспарларымен бөлісуі және кадрлық ауысулар қатар жүрген сындарлы сәтте абыроймен шығуды мақсат еткен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа үлкен қолдау көрсету – азаматтық парызымыз. Мемлекетке сатқындық жасағандардың ісінің жүргізіліп жатқаны да, аса жауапкершілікпен мемлекеттік құпиялы тергеудің жақын уақытта ақиқаты айтылатыны да анық. Жазықсыз жапа шегіп, зорлық-зомбылық құрбандарына айналған фактілері қоғамдық белсенділер мен тәуелсіз құқық қорғаушылардан құралған комиссия мүшелерінің жұмысына зор үміт артып отыр. Кезі келгенде олардың атын атап, түсін түстеп кетуі өте орынды деп ойлаймын. Бас прокурорға әрбір істі тікелей бақылауда ұстауға, Ішкі істер министрі тергеудің әділ өтуіне байланысты тікелей тапсырма берілгені көңілге зор сенім ұялатты.



Қазақтың «Сабыр түбі – сары алтын» деген салмақты сөзі бар емес пе. Осындай сәтте баршамыз ауызбіршілікте болып, жұмыла көтерген жүктің маңызының зор екенін сезінейік дегім келеді. Қазақстанның бүгінгі мен болашағына алаңдаған әр азаматқа үлкен жауапкершілік жүгі артылып тұр. Ұрпақ тәрбиелеуші ұстаз ретінде айтпағым: жаңа Қазақстанымызды құру жолындағы еңбегіміз жемісті болсын десек, кемел келешектің жарқын болуына әрқайсымыз атсалысайық, қолдай білейік!

Айнұр ДАУЫЛБАЕВА,
№7 Оқушылар үйі МКҚК
директоры.

ҚАҒИДАТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді



«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Президенттің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті хабарлады.



Ильдар БАҚЫТҰЛЫ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы:

– Әдеп кодексінде қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну және қолдану мақсатында, қызметшінің мінез-құлқына қойылатын әдептік және қызметтік әдепке жатпайтын өзге де ережелерден ажыратылып, мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары айқын-

далды. Сонымен қатар, Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттеріне негізделген және мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және парасаттылық атмосфера-сын құруға бағдарланған қызметтік әдеп стандарттары көзделген.

Кодекске сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзу тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады, яғни тәртіптік жауаптылық тек қызметтік әдеп стандарттарының бұзылуы нәтижесінде ғана болады. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган заңнамаға сәйкес қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асырады. Жаңа Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметте парасаттылықты құруға ықпал ететіні анық.

Шынарай ӘЛІМХАНҚЫЗЫ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің отырысында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі жиында сөйлеген сөзінде мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенін және мемлекеттік қызмет жүйесі іс жүзінде сервистік және тұтынушыға қолайлы болуы үшін түбегейлі өзгерісті талап ететінін атап өткен болатын.



Осыған орай, Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Жаңа Әдеп

кодексі, ең алдымен, қызметтік әдеп стандарттарын белгілеуге бағытталған және мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді орнықтырудың негізі.

Кодекстің құрылымына келетін болсақ, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі 6 қағидатқа негізделді.

Бұл талаптар бұрынғы кодекспен де көзделген болатын, алайда жаңа редакцияда ашықтық және клиентке бағдарлану қағидаттарын сақтау талаптары басымдырақ болып келеді.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров «Нұршашқан», «Майк», «Әуежай» шағынаудандарының тұрғындарына есеп беріп, әкімдіктің атқарған жұмыстарын баяндады. Тұрғындар көптен бері толғандырған, шешімі табылмаған сұрақтарын қойды.



Сондай-ақ, ауданда инженерлік желілерді ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы 4,4 шақырым сумен жабдықтау желісі, 2021 жылы 700-ден астам үйді (2800 тұрғын) қамти отырып, 6,5 шақырымы реконструкцияланды.

«Әкімдіктің атқарып жатқан жұмыстарына көңіліміз толады. Халықтың пікіріне құлақ асып, өзекті мәселелерді көппен бірге шешеді. Қарап отырсақ, «Нұршашқан» шағынауданы жыл сайын көркейіп келе жатыр. Жолымыз жөнделді, жарық қойылды, жаңа мектеп қолданысқа берілді. Құрағалы тұрған көпқабатты үйлеріміз жөнделіп, жаңа тұрғындар түрлі ұлт өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан жайы бар», – дейді аудан тұрғыны Тұрсын Акимжан.

Іс-шара барысында абағандыру, қоғамдық көлік, халықты еңбекпен қамту, жауапсыз мердігерлер және басқа да мәселелер көтерілді. Айтылған барлық мәселелер аудан басшылығының жеке бақылауына алынды.



Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Шара барысында қалалық басқармалар өкілдері, құқық қорғау органдары мен коммуналдық қызмет басшылары бірлесіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Аудан әкімі 2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» шет аймақтарды дамыту кешенді жоспарының қалай жүзеге асырылып жатқанын айтып берді. Бақытжан Ақжаров «Жас қанат» шағынауданын сумен жабдықтау бойынша ЖСҚ әзірленіп, мердігер анықталғанын хабарлады.

«Төменгі пәтилетка» аумағын

сумен жабдықтау бойынша жосбалық-сметалық құжаттама әзірленді, мердігер анықталды, жобаны іске асыру мерзімі – 2022-2023 жылдар. Жобаман 4000-нан астам үй қамтылады, 13,3 мың тұрғын, желілердің ұзындығы 92,4 шақырымды құрайды. Үстіміздегі жылы ауданымызда жоспарланып отырған жұмыстар жетерлік. Жол инфрақұрылымын жақсарту, жастар мен балаларға арналған спорттық алаңдарды салу. Қаламыздың табиғаты мен көркін жақсарту мақсатында ағаштар мен гүлдер отырғызу. Күнделікті тұрмыста қажеттілік тудыратын су, жарық, жол сынды мәселерді шешетін боламыз», – деп толықтырды Түрксіб ауданының әкімі.



ЗЕРДЕ

(Басы 1-бетте)

Реставрация және экспозиция процесіне мұражай және мұрағат ісі саласындағы жетекші мамандар, дизайнерлер, мүсіншілер, суретшілер, бейнеинженерлер және т.б. тартылды. Жұмыс барысында Д.А.Қонаевтың Халықаралық қорымен келісілген тұжырымдама мен жобаның эскизі әзірленді.

Резекпозиция тақырыбының негізіне саясаткердің ел өміріндегі маңызды тарихи оқиғаларға деген жеке көзқарасын суреттейтін Д.Қонаевтың «Сталиннен Горбачевке дейін» автобиографиялық кітабы арқау болды. Хронологиялық тәртіпте орналастырылған мұрағаттық құжаттар, фотосуреттер мен экспонаттар Дінмұхамед Қонаевтың көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер ретіндегі алып тұлғасын көрсетеді. Жұмыс барысында барлық экспонаттар, соның ішінде Дінмұхамед Қонаевтың жеке заттары бұрынғы қалпында сақталды. Қалпына келтіру жұмыстары барысында мұражай заманауи сандық және мультимедиялық технологиялармен жабдықталды, келушілер енді аудио нұсқаулықтарды қолдана алады. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға ыңғайлы болу үшін екінші қабатқа лифт орнатылды.

Еске салсақ, мұражай 2002 жылы Д.Қонаевтың 90 жылдығына орай ашылған болатын. Экспозициялар 10 жыл бұрын соңғы рет жаңарып, 2011 жылы жасалған еді. Мұражайдың жалпы сақтау қорында 8196 экспонат бар.

Жаңа экспозиция таныстырылды

Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің мұражай-үйі де күрделі жөндеуден өтті. Жаңарған мұражай-үйдің ашылу рәсіміне қала әкімі Ерболат Досаев қатысты. Іс-шараға алғашқылардың бірі болып жазушының қыздары – Гүлнар мен Гаухар Мүсіреповалар келді.

Күрделі жөндеуден, модернизациядан және резекпозициядан кейін Ғабит Мүсірепов мұражайы еліміздегі алғашқы заманауи мультимедиялық әдеби орталыққа айналады. Ре-

конструкция және резекпозиция бойынша жүргізілген кешенді жұмыс жыл сайын мұражайға келушілер санын екі есеге – 22 мың адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді деп жоспарлануда.

Мұражайды жаңарту жұмыстарына музей және архив ісі саласындағы жетекші мамандар, дизайнерлер, суретшілер, бейнеинженерлер және т.б. тартылды. Жаңартылған мұражайдың жобасы жазушының туыстарымен келісілді, жобаның тұжырымдамасы мен эскизін Алматы қаласының Мәдениет басқармасы бекітті.

Жөндеу барысында мұражай заманауи құрал-жабдықтармен, оның ішінде ақпараттық стендтермен, мультимедиялық жүйемен, контентті сенсорлық басқаруы бар проекциямен, мультимедиялық таң-панельдермен және т.б. жабдықталды. Бұларда құнды әдеби деректер, мұрағаттық материалдар, оның ішінде «Бесудің хаты», қолжазбалар, фотосуреттер және т.б. көрсетіледі.

«Жөндеу жұмыстарын жүргізген Алматы қаласының әкімдігіне ерекше алғысымды білдіремін. Жаңашылдықтардың ішінде көңілімізден шыққаны кинозалдың ашылуы. Ол жерде әкеміздің жазған шығармалары негізінде спектакль мен қойылымдарды тамашалауға болады. Қарап отырсақ, мұражайдың іші жарқырап, жаңарып шыға келіпті», – дейді Гүлнар Мүсірепова.

Резекпозиция нәтижесінде әдеби зал қайта жасақталды. Стендтерде жазушының отбасы, балалық шағы, білімі, әдеби жолдың басталуы және т.б. туралы мәліметтер келтірілген өмірі мен шығармашылық жолы ұсынылған. Мұражайда сондай-ақ, Ғабит Мүсірепов жазған, оның ішінде «Амангелді», «Қыз Жібек», «Бір рет және өмір бойы», «Қауын» фильмдерін көрсету үшін арнайы кинозал ашылды.

Еске салсақ, Ғабит Мүсіреповтің соңғы 18 жыл тұрған пәтері 1991 жылы ҚР Орталық мемлекеттік музейінің бір бөлігі ретінде мұра-

жайға айналған болатын. 1999 жылдан бастап нысан С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені болып қайта құрылды. 2015 жылдан бастап мұражай «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК құрамында.

«Музейдің жаңаруы, өзгеше форматта жасалуы келушілерді қызықтырады деген сенімдеміз. Жастар қазіргі заманғы жаңашылдықты жақсы көреді, музей осы талапқа сай болды. Атқарылып жатқан игі шаралар көңілімізден шықты», – дейді экскурсия жетекшісі Жеңіс Ерболқызы.

Ғ.Мүсірепов мұражай-үйінің алаңы 114,6 шаршы метрді құрайды. 2 мемориалдық бөлме, 1 әдеби зал бар. Мемориалдық бөлмедегі заттар (жазу үстелі, кітапхана, жеке тұтыну заттары, сыйлық заттары және т.б.) бұрынғы күйінде сақталған.

Әзірлегендер Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ, Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Суретті түсіреді Сағат ҚҰСЫНҒАНОВ, Қайрат ҚОНЫСБЕК

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ – 120

КӨРКЕМСӨЗ ЗЕРГЕРІ

Қазақ сөз өнерінің хас шебері, көркемсөз зергері, халық жазушысы, драматург, сыншы Ғабит Мүсірепов туралы мәліметтердің, естеліктердің басын құрап едік, соны назарларыңызға ұсынамыз

Ғабді әл-Ғабит

Ғабит Мүсірепов 1902 жылы Солтүстік Қазақстан облысында шаруа отбасында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Ғабді әл-Ғабит, арабша «Құдайдың құлы» деген мағынаны білдіреді екен. Әкесі Махмұт діни сауатты, өз ортасында беделді адам болған деседі. Жазушы да алғашқы сауатын молдадан ашқан. Барлық шығармасын төтеше жазуының да себебі сол болар дейді зерттеушілер.

Иә, Ғабит 1908–1910 жылдары өз ауылында молдадан оқып, арабша хат таниды. Одан соң ауылдағы Ыбырай Алтынсарин жүйесімен ашылған орысша-қазақша бастауыш мектебінде оқиды. 1918–1921 жылдары Пресногорьков станциясындағы жоғары жеті жылдық училищеде орысша білімін шыңдайды. Ал 1923 жылы жазушы Сәбит Мұқановпен бірге Орынбордағы жұмысшы факультетіне түседі.

Ғабит Мүсіреповтің алғашқы туындысы, яғни «Тулаған толқын» деп аталған очеркі «рабфактің» қабырға газетінде жарияланған екен. Әдебиет зерттеушілері оны көркем шығарма деп те санаған. Өйткені, бұл шығарманың өн бойында әрі деректілік, әрі көркемдік қасиеттер тоғысқан деп бағалаған. Бертін келе қаламгердің суреткерлігіне тамсанушылар оны прозадағы ақын деп тани бастаған.

Қос қаламгер

Ғ.Мүсіреповтің әдебиетпен айналысуына түрткі болған адам – Сәбит Мұқанов. Қос қаламгердің жас аралығы бар болғаны екі жас. Жазушы өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде» былай деп жазады: «Менің кітапқа деген құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды байқап, Сәбит маған «жазуға кіріс» деп мазалап жүрді. Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бейімбет пен Сәкеннің өлеңдерін газет-журналдардан оқи бастадым. Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Ішімнен жазуды қаласам да, қолым бармай жүрген». Одан кейін жанына ертіп, ақыл-кеңесін айтып, шығармашылық қолдау көрсеткен жазушылардың бірі – Бейімбет Майлин екен.

Ғ.Мүсірепов 1926 жылы жұмысшы факультетін бітіреді. Ал 1926–1927 жылдары Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды. 1927–1928 жылдары Щучинск орман шаруашылығы техникумында оқытушы болып еңбек етеді. 1927 жылы коммунистік партияның мүшелігіне өтеді.

1928 жылдан бастап Қазақстанның партия, совет баспа орындарындағы әртүрлі жауапты қызметтерде болған. 1928–1932 жылдары Қазақстан мемлекеттік баспаның бас редакторы міндетін атқарды. 1933 жылы Қазақ КСР оқу халық комиссариатының өнер секторының меңгерушісі, 1934–1935 жылдары алдымен «Қазақ әдебиеті», кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің Бас редакторы болады.

Қара қарындаш

Ғабит Мүсіреповтің жазу үстелінде ұшы бар оннан астам



қара қарындаш пен өшіргіш жататын болған екен. Шығарма жазу үстінде көңіліне ұнамаған тұсын дереу өшіріп, түзетіп отырған. Сол себепті, оның қолжазбаларынан сызып түзетілген сөздерді табу қиын деседі. Ақ парақтың өзін мұнтаздай таза ұстаған.

Жазу үстелінде сия сауыты пен қаламы да болған. Оны өзі айтқандай, ресми жазуларға ғана пайдаланыпты.

Жазушы алғашқы кезеңдерде уәкілдік қызмет атқарса, өмірінің орта белінен асқанда жоғары лауазымды жұмыстар атқарған. Бұл шығармашылығына кері әсерін тигізбей қоймаған. «Алғаш қалам ұстаған уақытта кеңседегі қызмет пен алашапыран замандағы ауыр шаруалар сағаттап жазу үстеліне отыруға мүмкіндік бермеді, – дейді естеліктерінде. – Абыр-сабыр басылып, ел жатқанда, шымылдықтың артында, бір бұрышта түнгі сменаға шыққан жұмысшыдай жазуға отырасың».

«Қазақ солдаты»

Қазақ әдебиетінің проза саласында екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған алғашқы шығарманы Ғабит Мүсірепов жазған. Оқ пен от оранған майдан шындығы бейнеленген «Қазақ солдаты» оның тұңғыш романы болды. Қаламгер бұл романын 2–3 рет өңдеген көрінеді. «Мен соғыс отын кешкен жоқпын. Майдан сұрапылының суреттерін көз алдыма ақылмен елестетіп жаздым. Шығарманы бірінші жактан әңгімені геройымның өзіне айтқызып отырып, баяндаған тәсілімде сондықтан еді», – дейді жазушы естелігінде.

Сонымен қатар, қаламгер «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларын жазған. Ол жазған «Қыз Жібек» операсы мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» балетінің либреттолары қазақ операсындағы таңдаулы либереттоның қатарында.

Сөз зергері «Амангелді» атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазуға үлес қосқан (Вс. Иванов, Б.Майлинмен бір-

ге). «Махаббат туралы дастан» және екі сериялы «Қыз Жібек» фильмдерінің де сценарийін жазды.

Талғампаз

Шәкірттерінің бірі болған қаламгер Сәбит Досанов Мүсірепов жайында мынандай естелік жазған екен: «Алдымен күтушіге бетіне арнайы массажын жасатады. Содан кейін пудра жағып, тон салады. Ырғала жүріп, еш асықпай киінеді. Француз әтірін себеді. Үлкен қара көзілдірік кигенде беттегі әжімдер жасырынып қалады».

Талғампаздығы соншалық, галстук міндетті түрде костюмімен үйлесім табуы немесе шұлығы да аяқкиіммен үндесуі керек. Расында да жазушы айна алдында көп тұрып, өзіне ерекше күтім жасаған деседі. Оның үстіне, қаламгердің осылай жүруіне жары Хұсни де себепкер болған секілді. «Басқалардың әйелі шалбарды су шашып үтіккесе, Ғабеннің жары әтір сеуіп үтіктейтін», – делінген кей естеліктерде.

Аңшылық

Қаламгердің аңшылыққа жаны құмар болғаны туралы да көп естелік бар. Жұмыстың ауыртпалығынан арылу үшін кейде табиғат аясына шығып кететін болған. Жан сергітіп, әсем табиғатқа сырын ақтарып, шабыт алып қайтады екен. Үш мылтығы болған. Оның бірі – ескі бесатар, екіншісі – жапон мылтығы, ал үшіншісі – малопулька. Өзімен бірге көбіне соңғысын алатын болған.

Жазушының билырдқа әуестігі де ерекше болыпты. «Қазақстанға билырдты әкелген – Ғабен» деген де сөз бар. Жалпы, шарды таяқ арқылы көздеп тұрып торға түсіретін ойын шығармашылық адамдарына өте пайдалы деседі.

Тағы бір хоббиі

Жазудан шаршағанда айналысатын тағы бір ермегі – таяқ жону болған. Барған жерлерінде көзіне түскен әдемі бұтақтарды кестіріп алып, соны жонып, әдемі таяқтар жасап шыққан. Жазушы қолынан шыққан сол таяқтар қазір мұражайларда экспонат ретінде сақталған.

Мүсірепов мұражайында жұрт қызыға қарайтын тағы бір дүние бар. Ол – досы Ғабиден Мұстафиннен келген ерекше орындық-таяқ. Оның екі құлақшасы болған. Ол құлақшаларды жазса орындық болып шыға келеді, ал жинаса қолға ұстайтын таяқ бола қалады..

Сөз соңы

Қазіргі таңда қаламгердің шығармалары әлемнің 34 тіліне аударылған. Франция, Англия, Бельгия, Германия, Испания, Венгрия, Вьетнам, Моңғолия секілді біршама елдің әдебиет сүйер қауымы Ғабит Мүсірепов шығармаларымен танысып шығуға мүмкіндігі бар. Оның үш жүзге жуық шығармасы орыс тілінде басылып шыққан.

«Әлемдік әдебиет кітапханасы» деп аталатын 200 томдыққа Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен Ғабит Мүсіреповтің этнографиялық әңгімесі ғана енген.

Ол өмірінің соңына дейін 520 шығарма мен мақала жазып қалдырған.

Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Елдік пен егемендіктің белгісі



Досбол
АТАЖАН

Ту – қай заманнан елдік пен егемендіктің белгісі. Сондықтан әр халық өз туының тік тұрып, бәрінен биік болып, көк аспанда желбіреп тұрғанын қалайтыны сөзсіз. Ертеде ұрыс алаңында қайтсе де жау туын құлатып, өз байрағын алдыртпауға тырысқан. Ал бүгінде халықаралық жарыстарда әр елдің өкілі бәрінен басым түсіп, өз туын көкке көтеру үшін барын салады. Тәуелсіз Қазақстанның Көк байрағы осыған дейін талай әлемдік арена-ларда аспанда желбіреп, биікке көтерілді, көтеріле береді де. Ал біздің терең тарихымызда өзге де қандай ту үлгілері болғанын білесіз бе?



Бабалар байрағы



Түркі қағанаты туы



Сақ, ғұн байрағы

Ең қуатты кезінде Алтайдан Шығыс Еуропаға дейінгі аумақты иемденген сақ, ғұн бабаларымыз байрақтарына негізінен айдаһарды бейнелеген екен. Оған ертедегі тарихшылар мен зерттеушілердің деректері куәлік етеді. Грек тарихшысы Флавий Арриан өз еңбектерінде

сақтар жауға шапқанда айдаһар бейнесі бар тумен шығатынын жазған: «олар түрлі-түсті құрақтардан құралып тігіледі. Жыланға ұқсатып басынан бастап құйрығына дейін барынша қорқынышты болып көрінетіндей етіп жасалады. Оның мәні – аттар тыныш тұрған кезде төмен қарай төгіліп тұрған түрлі-түсті құрақтарды көресің, ал қозғалған кезде олар желдің күшімен аталған хайуанға ұқсап, жылдам қозғалған кезде тіпті ұзына бойынан өтетін күшті желдің әсерінен ысқырған үн шығарады».

Дәуірлер өте сақ пен ғұндардың орнын басып, бар Орталық Азияны бағындырған Түркі Қағанатында тудың негізгі белгісі көк бөрі болған. Орхон-Енисей ескерткіштерінде, оның ішінде Күлтегін жырында, бөрі бейнесі туралы жиі айтылады. Ал белгілі түрколог-ғалым Гумилев ежелгі түркілер туралы зерттеулерінде көк бөрі белгісі олардың тұрмысының ажырас бөлігіне айналғанын айтады. Сондай-ақ, дала аңыздарының бірінде жауынан ойсырай жеңілген түркілерден тек бір баланың аман қалып, оны көк бөрінің өз баласындай өсіріп шыққаны айтылады. Сондықтан түркі бабаларымыздың туында көк бөрінің бейнеленгеніне күмәндана алмаймыз.

Қазақ хандығының көк жалауы



Шыңғыс хан әулетінің таңбасы



Қазақтың көк жалауы

Қазақ даласын Шыңғыс ұрпақтары билеген Алтын Орда мен Ақ орда заманында тарак (Шыңғыс әулетінің таңбасы) және жарты ай (Ислам белгісі) бейнеленген ақ ту болған. XIV ғасырда өмір сүрген картографтар Анжелино Дулцерт пен Абраам Крескес өз атластарында қыпшақ даласының белгісі ретінде дәл осындай ақ туларды көрсеткен. Астанамыздағы Ұлттық музейдің «Тарих» залында тұрған Абылай ханның ту ұстаушыларының бірі Байғозы батырдың байрағы да ақ боз түсті. Осы тұста Ақ ордадан Абылай хан дәуіріне дейін ақ түсті байрақ дәстүр болып жеткен деген тұжырым жасай аламыз. Сонымен қатар,

қол бастайтын үлкен байрақтан бөлек жауынгерлер жекелеген ту ұстағаны туралы дерек бар. Алтын Орда дәуірінде үш құйрықты, үшбұрышты, тікбұрышты тулардың болғаны XIV-XV ғасырлардағы Шығыс және Батыс миниатюраларында бейнеленген.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойына орай әлеуметтік желілерде ертедегі қазақ туы ретінде шексіздік белгісі мен бөлек-бөлек үш жұлдыз кестеленген көк жалау тарады. Дегенмен, зерттеушілер тарихи деректерден көк ту туралы мәлімет кездеспейтінін айтады. Бүгінгі тарихшылар бұл жалауды жоққа шығармаса да, атабабымыздың нақ байрағы дегенмен толық келісе бермейді. Егер бұл тудың шығу тегіне күмәндансақ, онда Қазақ хандығы кезінде қандай ту көкте желбіреген? Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Әлкей Марғұланнның зерттеуінше, қазақ хандары ортасында төре таңбасы бейнеленген үш не тоғыз құйрықты қызыл жалау ұстаған. Сондай-ақ, біршама деректерде көшпелі халықтың тулары ақ түспен бірге қызыл не жасыл болғандығы айтылады. Мысалы, тарихшы Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» атты еңбегінде қазақтың Оннан ханының туы ақ түсті болғаны жазылған. Оған қоса, ел аузында Абылайдың ақ туы деген тіркес сақталған. Осы деректерге сүйене отырып, Қазақ хандығында жүз бен рулық ерекшеліктеріне қарай жасыл не қызыл түсті, ал хан әулеті ақ түсті байрақ көтерген деп топшылай аламыз.

Тәуелсіз Қазақстан Туы

Қазақ халқы үшін жаңа дәуір мен егемендіктің белгісі болған бүгінгі Көк туымызды білмейтін қазақ жоқ шығар. Дегенмен, Мемлекеттік Туымыздағы бейнелердің мән-мағынасын және бір ашып өткеніміз артықтық етпес.

Шәкен Ниязбеков авторлығымен жасалған бүгінгі Туымыз 1992 жылы 4 маусымда бекітілді. Байрақтың көк түсті болуы – ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдіреді, ал түстің біркелкілігі еліміздің біртұтастығын меңзейді. Ту ортасында бейнеленген күн жас мемлекеттіміздің жасампаздық күш-қуатын, серіктестік пен ынтымақтастық үшін әлемнің барлық еліне ашық екенін көрсетеді. Ал оның астындағы алтын самұрық күстін кескіні – егемен мемлекеттің әлемдік өркениет биігіне деген ұмтылысының символы. Мемлекеттік тудың сабының тұсына тігінен кескінделген ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.

P.S.: Байрағымыз биік тұруы үшін барлығымыз аянбай еңбек етейік. Көк Туымыз көкте мәңгілік желбірей берсін!

қатар), сары және жасыл (төменгі қатар) түсті бір-бірімен жалғасқан бес сақиналы ақ туды бар әлемнің спорт сүйер қауымы білетін шығар. Бірақ бұл байрақтардың шығу тарихы мен мағынасын көпшілік біле бермеуі мүмкін. Төртжылдықтың басты додасының туын алғаш Пьер де Кубертин 1913 жылы жасап шығарған. Ал 1920 жылы Антверпенде өткен VII Жазғы Олимпиада ойындарында бірінші рет дүние жүзіне ұсынылған. Бір-біріне байланысқан бес сақина бес құрлықтағы барша адамзатты бейнелейді. Ал тудағы алты түс (тудың ақ түсін қосқанда) әлемнің барлық елдерінің ұлттық түстерінің көрінісін білдіреді. Адамдар арасында әр сақина бір құрлықтың белгісі деген болжам да танымал. Дегенмен, олимпиаданың ресми комитеті бұл ойды растамады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының туы көк түсті, оның ортасында күн іспеттес алтын шеңбер және оны қоршап тұрған сақина тәрізді пішін кескінделген. 1996 жылғы 19 қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшылары кеңесінің шешімімен ТМД туы туралы ереже бекітіліп, ту ресми қабылданған. Қазақстан құрамына кіретін бұл ұйымның байрағы тең серіктестікке, бірлікке, бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген ұмтылысты білдіреді.

ҚҰРМЕТ

Ұлықпан Сыдықов атындағы орталық ашылды



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақ инженерлерінің қарашаңырағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, атақты «Дос-Мұқасанның» негізін қалаған Ұлықпан Сыдықов атындағы шығармашылық орталық ашылды. Аталмыш іс-шараға елімізге танымал тұлғалар, белгілі ғалымдар мен шығармашылық иелері, университет жастары қатысты. Орталықтың лентасын Ұлықпан Сыдықовтың өзі қиып, шығармашыл жастарға ізгі тілегін арнады.



Суретті іріктеген Сауат ҚҰСЫННОВ

Алғашқы сөз кезегін қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев алып, жаңадан ашылып отырған орталықтың жұмысына табыс тіледі. Осы орталықта әлі талай талантты жастың жұлдызының жанатынына сенім білдірді.

Келесі сөз кезегін алған осы оқу ордасының түлегі, танымал ғалым Ғалымқайыр Мұтанов өзінің жүрекжарды лебізін білдірді, мұндай іс-шараның тәрбие жұмысына тиісетін пайдалы тұстарын жеткізді.

– Мен қашаннан осы оқу ордасының түлегі екенімді мақтан тұтамын. Осы оқу ордасында тәрбие мен білім алдық. Өз ұстаздарымды көріп қуанып тұрған жайым бар. Жалпы, менің ұстаз болып, ғалым болып қалыптасуыма осы оқу ордасының ықпалы зор болды, – десе, ҚР Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып техникалық оқу ордасында шығармашылық орталықтың ашылғаны қазақ руханиятына көрсетіліп отырған зор қолдау екенін жеткізіп, орталыққа соңғы шыққан кітаптарды тарту етті.

Ұлықпан Сыдықовпен ұзақ жылдар бірге еңбек еткен Герой Жолтайұлы, Баян Рақышұлы, Маржан Нұрпейісова өткен күндерді еске алып, орталықтың жұмысына сәттілік тіледі.

Танымал айтыскер ақын Ринат Зайытов өз арнауын арнаса, әнші Мұқасан Шахзадаев әннен шашу шаша келді. Осылайша оқу ордасының ең үлкен дәрісханасы шығармашыл жастардың орталығына айналып шыға келді. Салтанатты жиын соңын өнерлі жастар Ұлықпан Сыдықовтың «Той жыры» әнімен аяқтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Досым СҮЛЕЕВ, қоғам қайраткері:

– Ұлықпан – осы оқу ордасының Автоматика және есептеу техникасы факультетіне 1965 жылы оқуға түсіп, бүкіл саналы ғұмырын осы оқу ордасының дамуына арнаған жан. Біз бірге оқыдық, жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Сонау Семейдегі мектепті алтын медальмен бітіріп, қолында басқа институтқа жолдамасы бола тұра, осы Политехты таңдады. Кезінде біз «Дос-Мұқасан» ансамблі құрып, концерттермен жүрген кезде Ұлықпан «Бәй-шешек» деген клуб ашып, шығармашыл жастарды қолдап жүретін. Әлі күнге дейін талантты жастарға қолдау көрсетумен келеді. Біздің Ұлықпанның бір басында бірнеше қасиеті бар. Мәселен, еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастап, барлық баспалдақтан өтті. Осы оқу ордасында еңбек еткеніне 57 жыл болса, 22 жыл проректор болды. Содан бері қарай 7 ректор ауысқан екен. Біз өз арамызда «Ауыспайтын тек Ұлықпан ғана» деп әзілдеп қоямыз.

Мұрат СӘКЕНҰЛЫ, студент:

– Жаңа орталықтың ашылуы біз үшін бұл үлкен көмек болғалы тұр. Осында оқитын жастардың арасында таланттылар өте көп. Енді осы орталықта кештерге дайындалатын боламыз. Жаңадан әндер жазып, сценарийлер жасайтын боламыз. Бейнебаян түсіре қалсақ, оның да тұсаукесерін осы жерде өткіземіз. Біздің оқу ордасынан шыққан ақын-жазушылармен кездесу өткізсек пе деп отырмыз. Жақсы идея, жоспарларымыз өте көп. Ең бастысы, осы істерді жүзеге асыратын шығармашылық орталығымыз бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлемдік ұйымдардың туы нені білдіреді?

Біріккен Ұлттар ұйымының көкшіл туында ақ түспен зәйтүн бұтақтары мен әлем картасы бейнеленген. 1946 жылғы 7 желтоқсанда 167 (II) қарарға сәйкес БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл эскизді бекітті.

Тудың қақ ортасында полярлығы бірдей азимутальды проекциясы бар әлем картасы кестеленген. Бұл карта әлемнің барлық елдері мен әлемнің алты құрлығының бірлігін білдіреді. Ежелгі Грецияда зәйтүн бұтағы бейбітшіліктің символы болған. Сондықтан БҰҰ туындағы әлем картасын қоршап тұрған зәйтүн бұтақтары халықаралық достық пен дүниежүзілік бейбітшілік символы ретінде қойылған. Бүгінгі күні Біріккен Ұлттар Ұйымының туы мен эмблемасы әлем адамдары үшін бейбітшілік пен бірліктің, үміт пен ұмтылыстың айқын символына айналды.

Олимпиада жалауымен қатар жүретін көк, қара, қызыл (жоғарғы

МАМАН КЕҢЕСІ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР алаяқтардың онлайн мекені

Олардың арбауына түсіп қалмау үшін не істеу керек?

Соңғы кезде әлемторды заңсыз пайда табу құралына айналдырғандардың құрығына ілініп, сан соғып қалғандар көбейген. Интернет арқылы түрлі ойындар ойнатып, қарапайым халықты алдап жүрген алаяқтарға сеніп, арандап қалмаудың жолы қандай?

ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаментінің мәліметінше, 2020 жылы елімізде 14 мың интернет алаяқтық жасалса, 2021 жылы оның саны 21 мыңға жеткен. Бұл деректер тек құзырлы орган өкілдеріне шағымданғандар ғана. Қылмыстың басым бөлігі қарызға ақша беру, төменгі пайызбен несие беру, қызмет көрсету, жылжымайтын мүлікті сату арқылы жасалады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Амангүл ҚЫДАНҚЫЗЫ, заңгер:

– Интернет алаяқтық қазіргі қоғамның маңызды мәселесіне айналды. Қылмыстың бұл түрі – киберлік қылмыс деп аталады.

Кибер қызметкерлер интернетті күн сайын өзгертіп, жаңартып отырады. Әдетте, алаяқтар әлемжеліге интернет хабарламалар таратады немесе арнайы сайт ашады. Ең жиі кездесетін қылмыстың түрі – интернет арқылы сауда жасау немесе заңсыз қызмет көрсету. Алаяқтар өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену, басқаның атынан онлайн несие рәсімдеу арқылы қылмысқа барады.

2014 жылы 3 шілдеде №226 ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы қолданысқа енді. Осы аталмыш Қылмыстық Кодексінің 190-бабының 4-тармағында Ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен киберқылмыс жасаса, олардың мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымды атқару құқығынан өмір бойына айырылады немесе 5–10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады делінген.

Нұрсұлтан РОМАН, IT маманы:

– Кибер қауіпсіздік – ақпаратты, қолданыстағы бағдарламаларды, жүйелерді, компьютерлік желілерді цифрлық шабуылдардан қорғауға бағытталған жүйе. Мұндай шабуылдардың негізгі мақсаты – құпия ақпараттарға қол жеткізу, манипуляция жасау, жасырын жұмыстар орындау арқылы ақша талап ету және т.б. Қазіргі таңда бәріне тиімді қауіпсіздік жүйесін құрастыру оңай емес. Себебі, керекті құрылғылар саны өте көп. Сол үшін де біз мекеменің ақпараттық бағытын тиімді тәсілмен қорғауға күш саламыз. Жаңа қауіпсіздік жүйесін іске қосқаннан кейін өз арасында түрлі бағыттан шабуылдар жасау арқылы тексеріп, тестілеуден өткіземіз. Әр жұмыс күнін қауіпсіздік жүйелерін (жүйелік файлдарын) жаңартудан бастаймыз. Себебі, хакерлер күнделікті жаңа тәсіл тауып, шабуылды тоқтатар емес. Дегенмен, хакерлердің бәрінен бірдей қорқудың қажеті жоқ. Өйткені, кейбір хакерлер біздегі қауіпсіздік жүйелерінің әлсіз тұсын тауып, түзету керек жерлерді нұсқап, хат жазып жібереді.

Фишинг шабуылдарға қарсы антифишинг бағдарламалары бар. Екеуінің жұмыс істеу тәсілі бірдей деуге болады. Тек фишинг шабуылдар ақпараттық қауіп төндірсе, екіншісі – жұртқа сабақ ретінде қолданылады. Аталған бағдарламалар адамдарға кез келген хат жолдай алады. Мысалы, еңбекақы түскен күні банктің атынан қызметкерлерге хат жібереміз. Хат жолдаған сайт, ақпарат ішіндегі суреттер де, бәрі түпнұсқа, сайттағыдан айтарлықтай айырмашылық болмайды. Әлеуметтік желі пайдаланушыларына сенімсіз сайттар сілтемесінен сақ болу керектігін ескертеміз.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ҚАҢТАР ДҮРБЕЛЕҢІ: 323 күдікті қамаудан босатылды

ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметінің» алаңында Бас прокуратураның Қылмыстық қудалау қызметі бастығының орынбасары Елдос Тоқтасынұлы Қилымжанов және ҚР ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Санжар Аскенұлы Әділовтің қатысуымен брифинг өтті.

Тергеу жалғасуда

Ішкі істер органдарының тергеушілері «қаңтардағы оқиғалар» бойынша негізінен ұрлыққа және тәртіпсіздіктер негізінде жасалған ұрлықтың басқа да түрлеріне байланысты қылмыстық істерді тергеуде.

Жаппай тәртіпсіздіктердің, сондай-ақ террористік шабуылдардың ұйымдастырушылары мен қатысушыларына қатысты тергеуді арнайы прокурорлар жүргізеді.

Тергеушілер өздерінің қылмыстық істерінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың жеке басын мұқият зерттеп, тәртіпсіздіктер кезінде құқық бұзушылық жасауға итермелеген жағдайларды анықтайды.

158 адам қамауда отыр

Ішкі істер органдары тергеушілерінің іс жүргізуінде бұрын қабылданған шешімдерді есепке алмағанда 1260 қылмыстық іс бар (ұрлық – 204, қарудың заңсыз айналымы – 180, бөтен мүлікті қасақана бүлдіру – 21 және т.б.).

Осы істер бойынша ауыр қылмыс жасады деген күдікпен 158 адам қамауда отыр. Бұл күдіктілердің кінәсі негізінен қылмыс жасалған жерлердің бейнежазбаларымен, куәгерлер мен куәгерлердің айғақтарымен, сондай-ақ алынған заттай дәлелдемелермен дәлелденеді.

Жақын арада аталған қылмыстық істер бойынша қылмыстық процестің 3 буынды моделі шеңберінде және прокурорлармен келісім бойынша тиісті процестік шешімдер қабылданатын болады.

95 млн теңге өтелді

Ішкі істер органдары тарапынан заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, құқық бұзушыларды анықтау және азаматтарға келтірілген залалды өтеу мақсатындағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Жедел және сапалы тергеу нәтижесінде ішкі істер органдарының тергеушілері айыптау актісімен 402 айыпталушыға қатысты 255 қылмыстық істі аяқтап, сотқа жіберді.

Осы істер бойынша жәбірленушілерге келтірілген залалды өтеу шамамен 95 млн теңгені құрады. Бұл полиция қызметкерлерінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында ұрланған заттарды тауып алуы және тәркілеп алуы, сондай-ақ жасалған әрекеттің салдарын түсінген айыпталушылардың келтірілген залалды өтеуі есебінен қамтамасыз етілді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Жылу ақысы қайтарылады

«Алматы жылу жүйелері» ЖШС тұтынушыларға артық есептелген 49,4 млн. теңгесін қайтарады.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің хабарлауынша, ведомствоның Алматы қаласы бойынша департаменті сыртқы ауаның нақты температурасын ескеріп, 2020-2021 жылдардағы жылумен жабдықтаудың құнын қайта есептеп, 49,4 млн теңге мөлшерінде артық соманы шығарған. Алайда, қалаға қызмет көрсететін «Алматы жылу жүйелері» ЖШС мұнымен келіспеген, керісінше тұтынушыларға шамамен 5 млн теңге көлемінде қосымша есептеу қажет екенін хабарлады.

«Департамент Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына «Алматы жылу жүйелері» ЖШС-ын өз міндетін орындауға мәжбүрлеу туралы талап-арызбен жүгінді. Биылғы 26 қаңтардағы сот шешімімен талап-арыз толық қанағаттандырылды. Сонымен қатар, ЖШС осы сот шешіміне апелляция берді. Бірақ Алматы қалалық соты апелляцияны қараусыз қалдырды. Енді «Алматы жылу жүйелері»



Күдіктілер оқиға кезінде оңай пайда тауып, басқаларды да сол әрекетке баруға азғырып, қылмыс жасады. Олардың жеке басын, оң мінездемелерін және залалды өтеуді ескере отырып, бұлтартпау шарасының өзгеруімен 323 күдікті қамаудан босатылды (кепіл – 78, ешқайда кетпеу туралы қолхат – 67, ұйымақ – 96, жеке кепілгерлік – 11, сот үкімдері бойынша – 71).

Осыған ұқсас негіздер бойынша қаралған қылмыстық істер бойынша да айыпталушылардың көпшілігі бас бостандығынан айыруды көздемейтін жазалау шараларына сотталған, ал бұл 214 адамның 194-і.

Сонымен қатар, тағы 6 адамға қатысты қылмыстық істер тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылды.

Азаматтар ерікті түрде 125 қару тапсырды

Бұған дейін Бас прокуратура өкілдерімен бірлесіп, «қаңтар оқиғаларында» ұрланған қару халықтың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретіні туралы бірнеше рет хабарланған болатын, өйткені бұл қарулар ауыр қылмыс жасаған кезде қолданылуы мүмкін.


Осыған байланысты қаруды өз еркімен тапсыру бойынша түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілді. Нәтижесінде азаматтар ерікті түрде 125 қару тапсырды. Ұрланған ғана емес, заңсыз сақталған, сондай-ақ тіркелмеген қарудың барлық түрін табу және тәркілеу жөніндегі жедел іс-шаралар белсенді түрде жалғасуда.

1460 бірлік қару мен 35 мың оқ-дәрі тәркіленді

Қабылданған шаралар нәтижесінде еліміздің полицейлері 1460 бірлік қару мен 35 мыңнан астам оқ-дәріні тауып, тәркіледі.

Қаруды алып қоюдан басқа, полиция қызметкерлері тәртіпсіздік кезінде ұрланған азаматтардың мүлкін іздеу және табу жұмыстарын жалғастыруда.

Бұл – ең басым бағыттардың бірі, өйткені сол арқылы залалды өтеу жүзеге асады. Полиция органдары 340 млн теңгеден астам сомаға бағаланатын ұрланған мүлікті тауып, тәркіледі.



қүзгі-қысқы кезеңде температуралық режимді сақтамағаны үшін тұтынушыларға жылумен жабдықтаудың құнын 49,4 млн теңгеге қайта есептеу туралы шешімді орындауы қажет», – делінген хабарламада.

Серіктестік алдағы мамыр айында тұтынушылардың түбіртектеріне қайта есептеу жүргізуі қажет.

**Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



ШАХМАТ

Жансая жаңа қызметке келді

Қазақстандық шахматшы, халықаралық гроссмейстер Жансая Әбдімәлік Алматы Шахмат федерациясының президенті атанды



«Федерацияның 2024 жылға дейінгі жоспарында төрт негізгі бағытты дамыту көзделіп отыр. Атап айтқанда, қала тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамыту, мектептерде шахмат үйірмелерін ашу, спорттағы жоғары жетістіктерді қалыптастыру, сондай-ақ ардагерлерді қолдау», – деді Жансая Әбдімәлік.

Федерация алматылықтар үшін шахмат мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Таяудағы үш жылда бір мезгілді ойынның ашық сеанстарын, Алматы және басқа қалалар құрамалары арасында турнир-

лер ұйымдастыру, сондай-ақ саябақтарда, аулаларда, ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда жаңа шахмат аймақтарын құру жоспарлануда.

«Жалпы білім беру мекемелерінде шахмат сабақтарын енгізу тәжірибесі Ұлыбританияда, АҚШ-та, Түркияда бұрыннан қолданылып келеді. Ал Армения шахматты міндетті мектеп бағдарламасына енгізген әлемдегі алғашқы ел болды. Алматылық оқушылар үшін бұл одан әрі интеллектуалды дамуға қолайлы жағдай жасайтыны сөзсіз», – деді федерация президенті.

КҮРЕС

Алтын – бізде



Қазақ балуаны Мейіржан Шермаханбет күрес түрлерінен Азия чемпионатында Қазақстан қоржынына екінші алтынды салды.

Мейіржан Шермаханбет 67 келі салмақ дәрежесінде топ жарды. Финалда ол Оңтүстік Кореяның тәжірибелі балуаны Рю Хансуды уақытынан бұрын таза жеңіспен жеңді.

Айта кетсек, Мейіржан Шермаханбет ширек финалда үндістандық, ал жартылай финалда өзбекстандық қарсыластарының жауырынын жерге тигізді.

Ал 60 келіде жұбаныш белдесуінде бақ сынаған Ернұр Фидахметов қарсыласынан басым түсіп, ел қоржынына екінші қолаңы әкелді.

Айта кетейік, ол бұған дейін 2018 жылдың маусым айында 67 келі салмақ дәрежесінде өткен Венгрия Гран-при турнирінде финалдық белдесуде ирандық Мұхаммедали Абдулхамид Герайды жеңіп, жеңімпаз атанды. Осы жылғы әлем чемпионатында 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медаль жеңіп алды.

Биыл 20 сәуірінде өткен Азия чемпионатында шешуші кездесуде екі дүркін әлем чемпионы корейлық Рю Хан Суды жеңіп, алтын медальға қол жеткізген болатын.

ГРЕК-РИМ

Оғландарымыз жүлделі болды

Грек-рим күресінен қазақстандық балуандар үш күміс, бір қола медаль алды.

Спортшыларымыз Моңғолия астанасы Ұлан-Батордағы бәсекеде жүлделі орындардан көрінді. Азия чемпионатында ел намысын 10 балуан қорғауда.

Құрлықтық дода Моңғолия астанасы Ұлан-Баторда бүгін жалауын көтерді. Аталған сында Нұрсұлтан Тұрсынов (87 келі) қырғыз балуаны Мелис Айтбековпен жұбаныш финалында қола жүлде үшін белдесті. Нәтижесінде ол қарсыласын 7:2 есебімен қапы қалдырып, үздік үштікке тұрақтады. Айта кетсек, Н.Тұрсынов 2015 жылы Катарда өткен Азия чемпионатында күміс медаль иегері атанған еді.

Еске салсақ, бұдан бұрын ел құрамасынан Аманғали Бекболатов (55 келі), Мейрамбек Айнағұлов (63 келі) және Мақсат Ережепов (77 келі) күміс медаль алды. Енді қазақстандық Әлімхан Сыздықов (130 келі) оңтүстік корейлық Минсок Киммен бас жүлдені сарапқа салады. Жарыс кестесіне сәйкес ертең, 20 сәуірде 60, 67, 72, 82 және 97 келідегі спортшылар бозкілемге шығады.



ТЕННИС



Заңғар көш бастауда

Tennis Europe (TE) ұйымы биыл күзде Монте-Карлода өтетін Junior Masters турниріне орай жаңартылған рейтингті жария етті.

ҚТФ баспасөз қызметінің мәліметінше, рейтингте 13 жасар Заңғар Нұрланұлы 100 күн бойы көш бастап келеді. Қазіргі кезде Қазақстанның жас жұлдызының еншісінде 520 ұпай бар.

Заңғардан бөлек, елімізден Дамир Жалғасбай (43-орын) мен Даниэль Тазабеков (62-орын) үздік жүз теннисшінің қатарына кірді. Қазір З.Нұрланұлы, Д.Жалғасбай мен Д.Тазабеков үшеуі Үндістанның Нью-Дели қаласында. Онда Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 25 сәуірден бастап 14 жасқа дейінгілер арасында Әлем чемпионатының Азия/Тынық мұхит аймағы бойынша іріктеу турниріне қатысады.

АУЫР АТЛЕТИКА

Зульфияның жаңа рекордтары

Ауыр атлетикадан әлемнің үш дүркін жеңімпазы Зульфия Чиншанло ел чемпионатында 4 рекорд жаңартты



Зульфия 59 келіге дейінгі салмақта үздік шықты. Ол қоссайыс қорытындысында 223 келіні (95+128) көтерді.

Екінші орынға ие болған қарсыласын 51 келіге артқа қалдырған З.Чиншанло Қазақстанның төрт рекордына (жұлқа көтеруден екі, серпе көтеруден бір және қоссайыс қорытындысында) қол жеткізді.

Сонымен қатар, қазақстандық ауыр атлетке Ашхабад қаласында 2018 жылы өткен әлем чемпионатының қола жүлдесі де табыс етілді. Бұл біріншілікте Зульфия бесінші орынға табан тіреген еді. Әйтсе де, оның алдындағы екі спортшының нәтижелері жоққа шығарылғандықтан, З.Чиншанло үздік үштікке іліккен болатын.

Ол ел біріншілігіне тыңғылықты дайындалғанын, сондай-ақ әлем чемпионатының жүлдесін алғанына қуанышты екендігін, бұдан былай да тынбай еңбектен беретінін жеткізді. Оның осынау табысымен әйгілі зілтемірші Илья Ильин Инстаграмдағы парақшасында құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Бүгін Зульфия Чиншанло серпе көтеруден 128 кг-ды бағындырып, олимпиада рекордына қол жеткізді. Жалпы нәтиже – 223 кг және әлемдік рейтингте 1-орынға көтеріледі. Саған өзіңнің бесінші

Олимпиадаға барып, алтын алуыңа тілектеспін», – деп жазды И.Ильин.

Қазақстан чемпионатындағы алғашқы екі күннің нәтижелері мынадай:

Әйелдер. 45 келі

- Александра Беленко (59+76) – ШҚО;
- Айнұр Әбдіхалықова (59+72) – Жамбыл облысы;
- Альфия Гарифуллина (57+73) – Алматы облысы.

49 келі

- Дарья Балабанюк (70+83) – Қарағанды облысы;
- Айым Мұхаметжанова (60+75) – Ақмола облысы;
- Салтанат Қыпшақбай (48+59) – Қызылорда облысы.

55 келі

- Айгерім Ауылбек (76+94) Алматы обл.;
- Шынар Жапар (73+86) Жамбыл обл.;
- Бибісара Жанболат (64+80) Алматы обл.

59 келі

- Зульфия Чиншанло (95+128) Алматы обл.;
- Алтынай Тәнірбергенова (74+98) Қызылорда обл.;
- Алина Колиушко (77+94) СҚО.

Ерлер. 55 келі

- Арли Чонтей (109+127) – Шымкент;
- Анатолий Грубов (110+125) – Алматы облысы;
- Ерназ Алпысов (102+123) – ШҚО.

61 келі

- Өтепберген Әлиев (121+145) БҚО;
- Азамат Төлеген (113+138) Қызылорда обл.;
- Жалғас Сеитов (113+133) Ақмола обл.;

Қазақстан чемпионаты 23 сәуірге дейін жалғасады.

Бетгі дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



СӘТТІ ОТА

Екі аяққа қуат берсін



№7 қалалық аурухана дәрігерлері тізе буының ең сирек кездесетін және оның ауыр түріне шалдыққан науқасқа операция жасады.

29 жастағы Сұңғат Копалов ауыр дәрежедегі гемофилия диагнозымен гематологтардың диспансерлік есебінде тұрады. Бұл – туа

біткен жетіспеушіліктен немесе қанның ұю факторларының VIII және IX санының азаюынан туындаған сирек кездесетін, ауыр генетикалық ауру. Мұндай жағдайда науқастан қан кету жоғарылайды. А және В гемофилиясы ерлерде жиі кездеседі және бұл дерт анасынан беріледі. Бұдан 100 жыл бұрын «гемофилия» диагнозы қойылған пациент денесін сәл жарақаттап алса болғаны, көп мөлшерде қан жоғалтып өліп кететін. Науқастардың көпшілігінің жасы тек жасөспірім шаққа дейін жететін. Бұл науқастарға ота да жасалмайтын. Ал бүгінде жағдай түбегейлі өзгерді. Медицина қарыштап дамыған. Тіпті, гемофилия диагнозы бар пациенттер дәрігер тағайындаған терапияны өз бетінше үй жағдайында да алып, емделудің нәтижесінде ауруханаға жату көрсеткіші де едәуір азайған.

Бірақ жиі қан кету салдарынан буын ауруы үдей түседі. Бұл жағдайда бір ғана жол бар – зақымдалған буынды жасанды буынға ауыстыру.

Осы дерт Сұңғатты бірнеше жылдан бері қатты мазалап жүрген екен. Аяғын басып жүруі қиындаған, таяқ тастам жер жүру мұң болып, едәуір ақсаңдай бастаған. Анальгетиктермен және хондропротекторлармен емделу тәсілі нәтиже бермеген.

«Мен бірнеше медициналық орталыққа, көбіне жекеменшік орталықтарға жүгіндім. Олар дәрі-дәрмектер тағайындады, бірақ олар маған еш көмектеспеді. Аяғымның ауруы күн сайын күшейіп, төзбестей дәрежеге жеттім. Мен тек жуынатын бөлмеге ғана өз бетіммен жететінмін. Біраз дәрігер менің бала күннен келе жатқан бұл кеселіме ота жасаудан тартынды. Бірде таныстарым Қақамандағы №7 қалалық ауруханаға баруға кеңес берді. Мен білікті мамандардың алдына келіппін. Оларға шексіз ризамын!», – деді пациент.

Клиниканың баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, Сұңғат Копаловты Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасының ортохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Арнат Байзақов қабылдап, дәрігерлік кеңес берген. Зертханалық-диагностикалық және аспаптық зерттеулер жүргізілген. Сосын консилиумдар өткізілген. Нәтижесінде тізе буының эндопротездеу операциясы 1 сағат 40 минутқа созылып, күрделі ота сәтті аяқталған. Пациент 10 күннен кейін үйіне шығарылған.

Тақырыпқа орай айта кетсек, биылғы 17 сәуірде әлем бойынша гемофилиямен күрес күні атап өтілді. Қазақстанда гемофилиямен ауыратын 1200-ге жуық науқас бар екен. Алматыда №7 қалалық клиникалық аурухана жанындағы гематологиялық кабинетте бүгінде гемофилиямен ауыратын 80-ге жуық пациент бақылауда тұр.

МӘМС

Мәселені сол мезетте шешуге болады



Биылғы 3 айда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына Алматы тұрғындарынан 1018 шағым түскен. Оның басым бөлігі медициналық көмектің сапасы мен консультациялық-диагностикалық қызметті күту мерзімінің ұзақтығына, көмек көрсетуден бас тарту фактілеріне қатысты. Бұл туралы қордың Алматы қалалық филиалының өкілдері хабарлады.

Шағымдар аталған қордың fms.kz ресми сайтына, 1406 байланыс орталығына және Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы түскен.

Филиал өкілдерінің айтуынша, пациенттердің туындаған мәселені алысқа ұзамай-ақ сол жерде шешуге мүмкіндігі бар. Ол үшін медицина мекемесіндегі пациенттерді қолдау қызметінің көмегіне жүгінуге болады.

– Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі бас дәрігерге бағынады. Оның міндеті – қызмет көрсету сапасын жақсарту. Сол себепті, аудит қызметі медициналық көмектің пациенттерге толыққанды әрі сапалы көрсетілуін қамтамасыз етуге, кемшіліктерді анықтап, дер кезінде жоюға мүдделі, – дейді филиал басшысы Тілеухан Әбілдаев.

Қандай жағдайда пациенттерді қолдау қызметінің көмегіне жүгінуге болады?

- шұғыл көмек көрсету үшін сақтандырылған статусын талап етсе;
- сақтандырылмағандықтан учаскелік дәрігердің қабылдауына жазудан бас тартса;
- емханаға тиесілі аумақта тұрсаңыз да, учаскелік дәрігер/медбике үйге келіп қараудан бас тартса;
- салалық маманның жоқтығына байланысты немесе алдағы бір айда орын жоқ деген желеумен дәрігердің қабылдауына жазбаса;
- денсаулығыңызға қарай тиісті диагностикалық тексерулер мен зертханалық қызметтерге жолдама берілмесе;
- дәрігер сізді қабылдаған кезде дәрежелік танытса;
- көрсетілген медициналық көмектің сапасы көңіліңізден шықпаса;
- қойылған диагноз бен тағайындалған емнің дұрыстығына күмәнданған жағдайда;
- медициналық деректерден қате тапсаңыз немесе көрсетілмеген қызмет «көрсетілді» деп жазылған болса;
- жалпы медперсонал қызметіне көңіліңіз толмаса және тағы да басқа жағдайларда ішкі аудит қызметіне жүгінуге болады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Адам шалдығатын аурудың 70%-ы – астан

Аялдамада екі оқушы бала «роллтонды» құрғақтай жеп тұр екен. Құрамына түрлі дәмдеуіштер қосылғасын дәмді болып тұр ма екен, ә? Біз балаларымызға «мектеп асханасынан ыстық тамақ алып ішін немесе бәліш сатып алып жесін» деп берген ақшаға осындай тағамдар алып жүр ме екен деген ой келді басыма.

Бүгінгі таңда «роллтон», «доширак», «бик-бон» сынды тез даярланатын кеспелер үлкен-кішінің күн құрғатпай тұтынатын тағамына айналған. Көбіне жұмысбастылығымызды сылтаурататын секілдіміз. Әрі қалтаңызға еш салмақ салмайды.

Дегенмен, «Арзанның тұзы татымас» демекші, үстіне қайнаған су қоса салатын, бес минутта дайын болатын «доширак», «роллтон», «бик-бондарды» жиі тұтына берсек, кеспеледегі қоспалар адамның миына барып жинала беретін көрінеді. Бара-бара әлгі қоспалар томпайып ісік тәрізді болып адам миында қатып қалады. Бұл кеспелерге өнімнің сапасын ұзағырақ сақтап тұру үшін глютомат қосылады екен. Ал глютомат дегеніңіз – қатерлі ісік дертін бірден-бір қоздырушы зат.

Маман-дәрігерлердің айтуынша, адам шалдығатын аурудың 70%-ы – астан. Сондықтан ішіп-жеп жүрген тамағымызға аса мән берген абзал.

КЕРЕК КЕҢЕС

Көктемгі аллергия



Міне, күн жылынды. Ағаштар бүр жарып, гүлдеп, көк шөп бой көтере бастады. Айнала әдемі! Бірақ осы жасыл желектермен ілес келетін бір ауру бар. Ол – аллергия.

Иә, арамызда тозаңға аллергиясы (поллиноз) бар адамдар жиі кездеседі. Оны тұмау, жанардың жасаурауы, көздің қызаруы, жөтел сынды белгілерінен оңай анықтауға болады.

Өсімдік тозаңына аллергия жылдың кез келген уақытында пайда болуы мүмкін. Дегенмен, көпшілігі онымен көктем мезгілінде ауырады. Себебі, көктемде 100-ден аса өсімдік түрі гүлдейді.

Мамандардың түсіндіруінше, тозаң мұрынға кірген кезде иммунды жүйе оны қателесіп, қауіп ретінде қабылдауы мүмкін екен. Мұндай жағдайда ол ағзаға вирус кіргендей антиденелер түзе бастайды. Сол кезде қанда гистамин деңгейі жоғарылап, ол аллергия белгілерін қоздырады.

Аллергияны қоздыратын ағаштарды атап кетсек, олар – ақ қайың, көктерек, шаған, қандыағаш, бүк ағашы, терек, шегірін, үйенкі, емен, ақ тал. Осы ағаштар гүлдей бастағанда аллергия да бас көтереді. Ағаштардан соң шөптер мен бұталар гүлдей бастайды. Құрғақ әрі желді күндері олардың тозаңы жүздеген шақырым қашықтыққа дейін тарайды.

Аллергияны тұмаудан, яғни суық тиоден қалай ажыратамыз? Басты айырмашылық – аллергия кезінде дене қызуы болмайды. Аллергиялық тұмау әдетте қатты түшкірумен, мұрынның қышуымен және көздің қызаруымен қатар жүреді. Аллергия адамға оңайға соқпайды, үздіксіз түшкіріп-пысықырып, қызарып, күнделікті тіршілігінің берекесі кетеді. Аллергиялық тұмау шырышты қабықты тіртіркендіреді, басты ауыртады, ұйқыны қашырады. Поллиноздың ұлғайған түрінің арасында тыныс демікпесі кездеседі.

Ең дұрысы – дәрігерге қаралған абзал.

МАМАН ПІКІРІ



Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі

Еліміздің барлық аймағында коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдай жақсы. Дегенмен, арқаны кеңге салуға әлі ерте. Сондықтан Алматыдағы №36 қалалық емхананың дәрігер-эпидемиологі Қарлығаш Қайырбекова екпенің әлі де маңызды екендігін айтып, инфекциядан қорғанып жүрудің қарапайым ережелерін тағы бір еске салды.

«Бүгінгі таңда Қазақстанда «Каз-КО-ВИД-Вак», «Vero cell», «Комирнати» вакциналары тіркелген. Олар ауруға қарсы тұруға қауқарлы, иммунитетті күшейтеді. Сондықтан тұрғындар екпе мен ревакцина алғаны дұрыс. Ревакцина – вакцинадан кейін иммунитетті көтеру мақсатында жасалатын шара. Вирус түрінің мутациялық қабілетін ескере отырып, вирустың пандемиялық дәрежедегі алдын алу шараларының ең негізгі және маңызды шешімі деп ойлаймын. Ағзаның өзіндік иммунитеті арқылы вирусты толыққанды жеңу үшін жасалатын қадам. Осы орайда айта кетсем, ревакцинаны алғашқы вакцинаның толық екі компонентін алған соң, 6–9 айдан кейін алу керек», – дейді дәрігер-маман.

Сонымен қатар, ол инфекцияның алдын алу үшін адам көп жиналатын жерлерден аулақ болуға кеңес берді. «Адам көп шоғырланатын орындарға мейлінше бармаған жөн. Бетперде тағып, құрамында кем дегенде 70 процент спирт бар антисептикті қолдану керек. Жеміс-жидекті ыстық сумен жуу қажет. Спортпен шұғылдануды әдетке айналдырған дұрыс. Күнделікті пайдаланып жүрген ас мәзірі ақуыздарға, дәрумендер мен минералдарға бай болғаны жақсы. Осының бәрі аурудың алдын алуға және тез сауығып кетуге көмектеседі», – дейді Қарлығаш Қайырбекова.

• **Ақшаға деген дұрыс қарым-қатынас түзу қажет. Бізде балаға тәрбие беру кезінде «ақша – қолдың кірі», «дүниеқоңыз болып кетіпті» дегендей сөздер көп айтылады. Осы тұста ақшамен қарым-қатынас құру кезінде балаларды ақшақатты алатын секілдіміз. Сондықтан бұл процес сапалы түрде сапалы жүргізілуі керек. Адам өзінің пұлын орнымен, ақыл-парасатымен жүрсай алса, оның несі жаман?! Бауырларыңызға, достарыңызға көмектесе аласыз, бұл жақсы емес пе?! Сондықтан біздің азаматтарымыз бай, дәулетті болуға ұмтылуы керек.**

• **Әр азамат «депозиттің қандай түрлері бар, қай банктен депозит ашқан дұрыс, ондағы кепілдендіру қоры деген не, қанша миллион теңгеге дейін кепілдік береді, қай банк сенімді?» деген сұрақтарға жауап бере алғаны дұрыс. Біз несиелік инструментті қолданамыз. Несиені де тиімді алу жолдары бар. Банк берді екен деп, әр парағына ойланбастан қол қоя беруге болмайды.**

Сондықтан депозит таңдай білу, қарапайым несиені рәсімдей білу де – қаржылық сауаттылықтың белгісі.

• **Қазір қаржылық пирамидаға негізделген ұйымдар пайда болып жатыр. Олар қоңырау соғып, азаматтарды «банктен хабарласып тұрмыз» деп алдайды. «Бізге ақша салсаңыз, бір-екі айдың ішінде байып кетесіз» деп ұрандатыпандары көп. Оларға төтен беру үшін сұрақ қоя білу керек. Мәселен, қарапайым ғана Ұлттық банктен лицензиясы бар-жоғын тексеру кезегін де азаматтарымыз білмей жатады. «Ол қазақстандық компания ма, әлде шетелдік пе, қожайыны кім, арнайы Қаржылық қадағалау агенттігінен лицензиясы бар ма?» деген сауалдарды көбінесе халқымыз қоя бермейді. Жалпы, осындай сауалдар қаржылық алаяқтарды біраз састырады. Сондықтан осындай дүниелерді ескеру қажет.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

«Almaty akshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту
орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Ramada by Wyndham Almaty» қонақүйіне:

- ресепшионист;
- аспаздар;
- наубайшылар;
- қызметшілер;
- даяшылар;
- ыдыс жуушылар керек.

Тел.: 8 777 588 71 11.

«Rixos Almaty» қонақүйіне:

- ыдыс жуушылар;
- СПА-салонды тазалаушылар қажет.

Тел.: 8 702 407 46 48.

Алюмин. профильді зауытына:

- ОТК бақылаушысы;
- газ-электрмен дәнекерлеушілер;
- қаптаушылар;
- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- штамптаушы керек.

Тел.: 8 775 836 94 52.

«Думан Транс KZ» автопаркіне:

- токарь керек.

Тел.: 8 771 780 80 00.

«Интертич» компаниясына:

- бас бухгалтердің орынбасары;
- кадр бөлімінің маманы;
- сату бөлімінің менеджері;
- тазалықшылар керек.

Тел.: 8 777 773 99 99.

«IDOSKZ» ЖШС-ға:

- сату жөніндегі менеджер қажет.

Тел.: 8 707 972 08 44.

Коллекторлық агенттікке:

- call-орталыққа операторлар;
- қарызды өндірі алу инспекторы керек.

Тел.: 8 707 972 08 44.

«АСКО» сактандыру компаниясына:

- бухгалтер;
- офис-менеджер керек.

Тел.: 8 701 992 52 71.

«TezCo Trade» ЖШС-ға:

- аула сыпырушы қажет.

Тел.: 8 771 704 49 49.

«TOI MART» супермаркетіне:

- сатушылар;
- кассирлер керек.

Тел.: 8 708 711 82 90.

«Лесопосадочное эксплуатационное управление» ЖШС-ға:

- көгалдандыру бойынша қызметкерлер қажет.

Тел.: 8 (727) 247-41-51.

«Метрополь» ТК-ға:

- консьерж керек.

Тел.: 8 747 840 62 15.

Күзет компаниясына:

- күзетшілер керек.

Тел.: 8 777 248 99 54.

«Алатау» шипажайына:

- қызметшілер;
- тазалықшылар;
- медбике;
- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- маркетинг;
- ресепшионист керек.

Тел.: 8 701 794 90 56.

«Alser» тұрмыстық және цифрлық техника дүкендерінің желісіне:

- сатушы-кассирлер;
- жинаушылар;
- бақылаушылар керек.

Тел.: 8 747 426 62 44.

ЖҰМЫСҚА
ТҰРУЫҢЫЗҒА
ТІЛЕКШІМІЗ!



ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ

БАЗАР МАҢЫНДАҒЫ БЫЛЫҚ қашан реттеледі?

Өткенде ғана ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын орда» базарына тәртіп орнатуды тапсырған болатын. Алматы қаласы мен облысының әкімдеріне «пайдакүнемдер үшін майшелпекке айналған базарды екі ай ішінде ретке келтіріңдер» деді. Бүкіл заңсыз мигранттар жиналған бұл базарды қалаға қоспай, тәртіп орнамайды. Бұл жерде тауар емес, адам да сатылады. «Құл базар» атанған сауда орнын сонау Талдықорғандағы ІІД Көші-қон полиция басқармасы реттей алмайды. Олар айында-жылында бір рет рейд өткізгенімен, заңсыз мигранттар тарқап кетпейді. Сондықтан бұл базарды Алматы қаласына қосып, тәртіп орнатуды Алматы қалалық Полиция департаментіне тапсыру қажет-ақ болып тұр.

Серік
ЖУМАБАЕВ

Қылмыс саны азаймай тұр...

Жалпы, еліміздегі базарларға қатысты айтылар сын аз емес. Қазір республикамыздағы базарлардың денін көшіріп, оның орнына заманауи сауда кешендерін салу біртіндеп қолға алынууда. Алайда, бұрыннан келе жатқан орталық базарларды көшіру оңай шаруа болмай тұр. Мұны қарапайым жұртшылық қолдағанмен, базар басшылары мен онда сауда жасайтын кәсіпкерлер бұған үзілді-кесілді қарсылық танытуда. Бірақ көшірмеске лаж, жаңасын салмасқа амал қалмағандай. Өйткені, базар іші былыққа толы. Ең болмағанда, қарапайым санитарлық талаптар мен өрт қауіпсіздігі сақталмаған. Базарға жұмыс іздеп келетін заңсыз мигранттар мен онда орын алатын түрлі қылмыстар толастар емес. Сондықтан біз бүгін базар іші

ашып, гуйру, суйру секілді лағмандардың неше түрін, палау, сорпа, кәуап, одан бөлек, самса, бөлішке, гриль, ход-дог, гамбургер, бөліш секілді тез дайындалатын тағамдарды сатып отыр. Сатушылардың жеке гигиенасы мүлде сақталмайды. Еден жуып жүргендердің қолын жумастан ыдыс жуып, тамақ салып, тамақ тасып жүргендерін көз көрді.

Мемлекет ішінен мемлекет құрып алған тәрізді

Бір қызығы, бұл үйлерді әр ауданнан келген сатушылар тұрғылықты тұратын жері етіп меншіктеп алған. Мәселен, Квартал 4 көшесіндегі №172 үйде тек Ақтөбе, Оралдан келгендер ғана жатса, ал №191 үйде Атырау, Ақтау, Жаңаөзеннен келгендер қоныс тепкен. Зайсандықтардың да, шымкенттіктердің де өздерінің белгіленген

Оның үстіне, саудагерлердің денсаулығын да тексеріп жатқан ешкім жоқ. Олардың арасында неше түрлі жұқпалы аурумен ауыратындар қарасы көп.

Сондықтан бұл жайма базарда Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының ықпалымен Жылжымалы медициналық-профилактикалық тексеру шараларын ұйымдастыру керек. Қанша адам ковидпен, қанша адам туберкулезбен, сифилиспен, рақпен ауыратынын анықтаған жөн. Мигранттар мәселесі де өзекті. Ондағы заңсыз келімсектер неше түрлі инфекциялық ауруларды таратуы мүмкін.

Өйткені, базардағылар өздігінен келіп тексерілмейді. Бұл қауіпті емей, немене? Сондықтан саудагерлердің емделулері үшін олардың арасында түсіндірме, ынталандыру жұмыстарын жүргізген жөн.

Өрт қауіпсіздігі сақталмаған

Базар артындағы көшелердің барлығы күн бата салысымен тас қараңғы болады. Түнде жүру өте қорқынышты. Алматыдағы бұл ең ірі базардан қанша пайда түсіп отырғаннан кейін, ең болмаса халық көп шоғырланған көшелерге жарық орнатып қоюға болады ғой. Өткен...

Ең сорақысы, базарда өрт қауіпсіздігі сақталмаған. Егер бір өрт бола қалса, оған төтенше жағдайдың көліктері кіре алмайды. Бір сөзбен айтқанда, өрт бола қалған жағдайда басындағы баспанасын банкке кепілдікке қойып, күнкөрістің қамы үшін қыруар қаржыға тауар әкелетін саудагерлердің дүниесін өрттен аман алып қалу қиын. Сондықтан қандай жағдай болмасын, санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін базарларды жөнге келтіріп, базардағы халықтың денсаулығына, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау қажет-ақ болып тұр.



Ақсай өзені араша сұрайды

Қазіргі кезде Ақсай өзенінің «Алтын Орда» базары қасынан ағатын жері тіптен ластанып кетті. Базардың артында жиналған қоқыстың бәрі осы өзеннің арығына төгілгенін талай көз көрді. Таудан тап-таза күйінде ағатын өзеннің арналары базардың артына келгенде тарылып, аянышты күйге түскенін көресің. Тіпті, өзен жағалауы бомбжар арақ ішіп жататын, дәрет сындыратын дәретханаға айналды.

Осындай өзендердің жағалауына Алматы қаласының әкімдігі брусчаткалар төсеп, талдар егіп, адамдар демалатындай, қыдыратындай етіп жасап қойған. Ал Алматы облысына қарайтын «Алтын Орда» базарының артындағы Ақсай өзенінің сиқы адам шошырлық дәрежеде. Сонда Алматы облысында Экология, Жасылдандыру басқармалары жоқ па? Облыс, аудан әкімдері не қарап отыр? «Алтын Орда» базарын қалаға қосу керектігінің бірден-бір дәлелі – осы. Бұл базарды сонау Талдықорғаннан ешкім қадағалай алмайды. Себебі, бұл базар Алматы қаласына жақын орналасқан.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

РЭЗИЯ, саудагер апа:

– *Қайда болса да бейшараға күн жоқ. Туісті органдардың қызметкерлері әлі жететіндерге, яғни қолына екі-үш нанын ұстап, шағын арбасымен майда-шүйде сататындарға тиісетіні қиын-ақ. Әйтпесе, үлкен дөкейлер қаншама заңсыз әрекеттерге барып жатыр, бірақ соларға тиісіп жатқанын еш көрген емеспін. Тек біз секілділерге әлімзеттік жасап, күш көрсетеді. Өткенде «бұл жерде сауда жасауға болмайды, заңсыз» деп қуды. Ал қасымда жаймаларын жол бойына дейін шығарып, сауда жасап отырғандарға ештеңе демеді. Сонда жол бойына дейін шығып сауда жасап отырғандардың әрекеті заңды да, ал менің екі-үш келі шемішкені арбамен жүріп сатқаным заңсыз ба? Тәртіп сақшыларының бұл әрекетін қалай түсінуге болады? Олардың мақсаты – қалымыздағы пістенің бір-екі «пачкасын» тегін алып кету және басымылыққа есеп бергенде қағаз жүзінде біздің аты-жөнімізді қосып қою. Бұдан кейін олар туралы не айтуға болады?*

МҰРАТ, арбакеш:

– *Отбасым – ауылда, мен – қаладамын. Ауылға 4-5 айда бір барып тұрамын. Мұнда арба сүйрегені үшін осындағы жәгіттерге тапқан табысыңның 30 пайызын беріп тұрасың. Әйтпесе, жұмыс істетпейді. Жұмыс ауыр. Күн жылы кезде далада арбаның үстіне қона салушы едік. Денсаулықты да байқау керек. Мұнда жер төтеле, сүз үйде кішкене балаларымен тұрып жатқандар бар. Балалары күрк-күрк жөтеледі. Ауылдан келген көп қазақтың тіршілік көзі – дәл осы базар. «Алтын Орданы» бір шарлап шығыңызшы, арнайы сауда нүктелерінде отырғандардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдері екенін көресіз. Ал арба сүйрейтіндер, ұсақ-түйек сататындар, жабайы сауда нүктелерінде шаң-тозаңның ішінде жүргендердің дені – қазақтар. Ауылда жұмыс болса, қаңғып, арба сүйреп неміз бар. Осы жұмыстың өзіне талас. Өйткені, мұнда өзбек, қырғыздар қаптап жүр.*

ТҮЙІН:

Бір өкініштісі, Алматы қаласы мен облысының бұл жердегі шекарасы дұрыс бөлінбеген. Мысалы, «Алтын Орда» базарына қарама-қарсы орналасқан «Барлық» базары Алматы қаласының Наурызбай ауданына қарайды да, ал дәл соның алдындағы «Алтын Орда» облысқа қарасты болып тұр. Екі базар бір жерде тұрғанымен, бірақ екі өңірге қарайды.

Қалай десек те, құзырлы органдар базар маңындағы жалға берілетін үйлерде кімдер тұрып жатқандарын тексеріп отыруы тиіс. Әйтпесе, мұнда да лаңкестік әрекеттердің белең алуы бек мүмкін.



жайлы емес, оның сыртындағы, дәлірек айтқанда, базар маңындағы жалға берілетін үйлер төңірегінде сөз етпекіз. Осы ретте біз әйгілі «Алтын Орда» базарының маңындағы жалға берілетін үйлердің әлеуметтік және санитарлық жағына назар аударып, арнайы зерттеу жүргізген едік.

Санитарлық нормаға еш сай емес

«Алтын Орда» базарының артында Мерей, Квартал 4 деген үлкен көшелер бар. Оның бойындағы үйлердің барлығы дерлік пәтерлерін жалға береді. Екі қабатты етіп жағалай салынған үйлердің әрбірінде жалға берілетін 20–25 пәтерден бар. Онда ұйғыр да, қырғыз да, дүнгенің де, өзбегің де, «пропискасы» бары да, жоғы да бар – бәрі-бәрі тұрып жатыр. Тәуліктік жалға берілетін пәтерлердің күндік ақысы 1,5 мен 2 мың теңгенің айналасында. Бір пәтерде шамамен төрт-бес адамнан жатады. Енді бір үйде 20–25 пәтер бар деп есептейтін болсақ, онда ол көшенің бойындағы бір үйде кемінде 100-ге тарта адам тұрады деген сөз. Ал сол 100 адамға бір-ақ дәретхана. Жуынатын бөлме, жылы су деген атымен жоқ.

Оның үстіне, дәретханаға тек сонда пәтер жалдап тұратындар ғана емес, базарда сауда істейтіндер де, 50 теңгесін төлеп, кіріп-шығып жатыр. Кейбіреулер үйлерінің жанындағы «временкаларын» жалға беріп қойған, онда дүнгендер, ұйғырлар асхана

үйлері бар. Бірақ ол үйлердің бірінде санитарлық норма сақталмаған. Тіпті, кейбір үйлерде тыйым салынған ойын автоматтары, компьютерлік клубтар бар.

Оның ішінде жастар лық толы. Жеке куәлігіңіздің бар-жоғын бірлі-жарымы болмаса, сұрап жатқадар жоқтың қасы. Тек ақысын төлесеніз болғаны, кім екеніңіз ешкімді қызықтырмайды. Бір күн түнеп шығасыз. Саудагерлер үйлердің қора-қопсыларын да тауар сақтайтын қойма ретінде жалға алған.

Осының бәрін өз көзімізбен көру үшін біз аталмыш көшедегі №191 үйге қондық. Онда бір күндік ақы жайлылығына қарай, 1 мың мен 1,5 мың теңгенің аралығында екен. Аядай ғана бөлмеде үш адам жаттық. Қасымдағы жігіттердің бірі арбакеш болса, екіншісі, бір аяғы жоқ қайыршы кісі болды. Ал көрші бөлмеде шағын арбаға тиіп, «термоспен» шәй, бөліш, шемішке, сағыз, құрт, темекі сататын апа саудагер қыздармен қоныстанды.

Ауру да өршіп барады

Арбакеш жігіттің сөзінің жаны бар. «Алтын Ордада» Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан келіп заңсыз жұмыс істейтіндердің қарасы көп. Еш жерде тіркелмей, құжатсыз жүрген келімсектер Алматыда қылмыстың артуына, неше түрлі аурулардың таралуына себепкер болуда. Олардың полиция көзіне қалай түспейтіні белгісіз.

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-138

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы, 2-тармағы 2) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 26 тамыздағы №28 және 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындыларының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін әкімшілік ғимарат құрылысы үшін Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Байзақов көшесі бойында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі			Е.ДОСАЕВ	
Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-138 қаулысына қосымша				
Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік несінің (жер пайдаланушы- ның) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Оверко Валерий Яковлевич	20-311-000-000	Абай даңғылы, 107/1, 7 көлік қоятын орын (№7 көлікжай)	
2	Кучерявенко Наталья Александровна	20-311-006-000	Абай даңғылы, 107/1, 8 көлік қоятын орын (№8 көлікжай)	
3	Досымова Наталья Ауситовна	20-311-000-000	Абай даңғылы, 107/1, 10 көлік қоятын орын (№10 көлікжай)	
4	Абабкова Майя Александровна	20-311-014-287	Абай даңғылы, 107/1, 11 көлік қоятын орын	жалпы - 0,0134, үлесі - 0,002
5	Шимчик Виталий Владимирович, Шимчик Татьяна Валентиновна	20-311-014-296	Абай даңғылы, 107 Г, 1 көлікжай	0,0017

2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-142

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2514 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2514 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына, келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 39 жолы келесі редакцияда мәзмұндалсын:
«

39	Ұмбетова Сандугаш Кумекбаевна	20-321-051-689	«Ақбұлақ» шағынауданы, Самади көшесі, 82	жалпы – 0,0972 үлесі – 0,0486
----	-------------------------------	----------------	--	-------------------------------

- »;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-141	
Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-359 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы	
Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-359 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 8 жолы алыншып тасталсын. 2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын. 3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.	

2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-139

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 23 қыркүйектегі №30 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәріз сорғы станциясының құрылысы үшін Зилейпа Күздеуовна Музапарованың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Мәдениет» шағынауданы, 238/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі

- 20-321-071-1555), жалпы ауданы – 0,0600 га жер учаскесінен, ауданы – 0,0147 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-137	

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

- Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы, 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Емхана құрылысы үшін «ЦЕНТР №1 ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Бостандық ауданындағы «Нұр Алатау» шағынауданы, Қазыбек Тауасарұлы көшесі, 73 үй мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,5889 га (кадастрлық нөмірі 20-313-055-324) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
 3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-140	

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

- Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы, 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 21 қазандағы №33 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Кәріз сорғы станциясының құрылысы үшін «ГидроМастер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Сейітқазы» шағынауданы, Жаңа ғасыр көшесінің оңтүстігі мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-048-018 (20-312-925-018), жалпы ауданы – 1,4606 га жер учаскесінен, ауданы – 0,0198 га жер учаске бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
 3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-136	

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

- Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы, 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Райымбек даңғылының оңтүстігі, Розыбакиев көшесінің батысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаева жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі		Е.ДОСАЕВ		
Алматы қаласы әкімдігінің2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-136 қаулысына қосымша				
Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі				
Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Стоматологиялық клиника «Шипа-Дент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-025-214	Розыбакиев көшесі, 45/1 құрылысы	0,4082
2	«Стоматологиялық клиника «Шипа-Дент» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-025-215	Райымбек даңғылының оңтүстігі, Розыбакиев көшесінің батысы	0,0245

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге// 8 айға – 12964 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге// 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефон-дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық баспабылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АМАЛ МЕН АҢЫЗ...

Жақсылығына бақса, алты күнге, жақсылығына бақпаса, алпыс күнге созылатын қауіпті «Сәуір амалы» келді. «Қырық сәуірік, бір мырза» деп аталған атақты аңыз осы амалдың ішінде



**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

«Қызыр қамшысы» амалы аяқталды. Кешеден бастап «Сәуір» амалы көрініс берді. Бұрынғы жұлдызшылардың айтуынша, айдың 25-іне дейін жалғасады. «Жақсылығына бақса, алты күнге, жақсылығына бақпаса, алпыс күнге созылатын» аса қауіпті амал.

Қариялар сәуір амалы кіргенде бұлтты бақылайды. Бұлт төніп, ыдырамаса, сәуірдің бұлтты қалып қойды дейді. Ол жылы сәуір амалы ұзаққа созылып, бұлт төніп, мұз жауады. Сондықтан «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген тәмсіл қалыптасқан.

Сәуірдің «қойшы», «құсқана-ты» деген жанама аттары бар. Ауа райының ерекшелігі: күн жылынып, көк шыққан кезінде аяқастынан ауа райы бұзылып, қарлы боран болуы мүмкін екен. «Сәуір болмай, тәуір болмас», «Сәуірде жауған жауының, сауып тұрған сауының», т.б. мақал-мәтелі, қанатты сөздері бар. Сәуір жаңбырының адамға да, табиғатқа пайдасы көп. Жыланның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады-мыс.

Сәуір жаңбыры – дертке дауа, қиыншылыққа кеңшілік, ауруға шипа су. Сулардың ішіндегі ең таза су – сәуір жаңбыры. Сәуір жаңбыры суымен ұйытылған айран өте маңызды болады (тәжірибесі жасалған). Сәуір жаңбырында суланған киім шірмейді, шаш түспейді, әсіресе оқылған сәуір жаңбыры қояншық ауруына шипа, психологиялық ауруға дауа, тән ауруына пайдалы. Перзенті болмай жүргендер ішсе, балалы болады деген хадис те бар екен.

«Сәуір амалы өтпей сәуірік пішуге болмайды». Сәуірік (3-4 жастағы үйірге түспеген) айғыр. Амал-



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат амалдарына қарап жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, жаз аптапты, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, жаз ыстық, қыс жайлы болады.
- * Аңызак ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыз жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

дың осындай ұстанымы бар. Бір мысал: осы амал кезінде бір байдың қысыраққа бөлінген байтал айғырларын далаға – өріске айдап апарыпты. Ойламаған жерден дауыл тұрып, қар жауып, күн суытып, жұқа киінген бай мырзасы мен 40 сәуірік (айғыр) суықтан өлген делінеді. Ел ішінде осы амал «қырық сәуірік, бір мырза» деп аталып кетсе керек.

Бүгін григорианша (қолданыстағы күнтізбе) сәуірдің 21-і, мұсыл-

манша (ай күнтізбесі бойынша) рамазанның 20-сы. Қазақы есепке (ескіше) сүйенсек, айдың 8-ші жана-сы. Апта айдың алғашқы он-күндігі мен соңғы аптасына дәл келіп тұр. Демек, ауа райында аз да болса ауытқушылық бар дегенді білдіреді. Аспан денелерінің қимыл-қозғалысына болжам жасайтын болсақ, күн ысыды, жаңбыр жауады. Жоғарыда айтқанымыздай, сәуір айына да, Сәуір амалына да сенім жоқ...

ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!

Құлшыныс – игі қасиет



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Адам баласы үнемі қозғалыс үстінде. Әрдайым жаңашылдыққа ұмтылады. Өзін дамытып, өмірін жақсы арнаға бұрғысы келеді. Бұл үшін зор құлшыныс керек – қашанда!

Құлшыныс арманға жетелейді. Бокстың падишасы атанған Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныс арман, мақсат чемпионды тудырады» депті. Осы ойға қарап, бірталай ойды ширата түсуге болады. Сондай-ақ, мұны бір ғана спорт саласына телу әбестік болар. Әйгілі спортшының пәлсафаға толы ойлары әлі күнге дейін жұрттың жадында келеді.

Құлшыныс бастауы неде? Өте терең философиялық сауал. Бірақ тым жауабы табылмайтын күрмеулі дүние деп те ағай алмасамыз анық. Олай болатыны, бұның құпиясы әркімнің өзіне ғана аян. Мәселен, танымал азиялық миллиардер Роберт Кюосакиге өмірінен мысалдайық. Оған үнемі өз әкесі (кедей әкесі) сабақты жақсы оқуын



және ақшаның адамды бұзатындығын ескертпе ретінде айтыпты. Ал өкіл әкесі (байлықтың көзін табуға үйреткен әкесі) ақшаның зор билік, үлкен мүмкіншілік екендігін ұдайы дәлелдеп отырған. Осы арадан бір нәрсені алға тарта аламыз. Ең бастысы, баланың өмірге, қоршаған ортаға, болашаққа деген құлшынысы мықты болса, бәріне жететініне өмір куә. Біздің кейіпкеріміз Роберт екі әкесінен де өзіне қажетті қасиеттерді бойына сіңіре білді. Со-

ның арқасында аты дүние жүзіне мәшһүр боп танылды.

Талпыныс түбі – табыс. Осы күні барлық адамзат өрге шығуға құмартып барады. Онысы қуантады. Дұрыс-ақ! Десе де, құлшыныс игі қасиеттерден тұрса, нұр үстіне нұр болмақ. Әйтпесе, жойқын қару ойлап табу, небір зиянды бактериологиялық ауруларды тудыру сынды нәрселер адамзатқа кері ықпалын тудырады. Тіпті, қиын болуы да ғажап емес.

P.S. Құлшыныс – тіршілік бастауы. Оған жету оңай. Сол оңайды қалыптастыратын өзіңіз. Үлкен кісілер «адам жас кезінде тәуекелшіл болады» деп жатады. Өте орынды айтылған пікір. Міне, осы қасиеттерді игілік жолына жұмсағанды абзал санаймыз.

ЖЕР-ЖАҢАҢ



Ұзынтұра жар іздеп жүр

Жер бетіндегі ең ұзын адам болашақ жарын Ресейден іздеп жүрген көрінеді. Ол – Султан Кёсен, Түркия тұрғыны.

Бойының ұзындығы бойынша Гиннестің рекордтар кітабына енген. 39 жастағы фермер Султан Кёсен бірінші әйелінен ажырасып кеткен екен. Енді тағы да шаңырақ көтергісі келеді. Ол келіншегінің аппақ және аса мейірімді болғанын қалайды. Әйелін ақшадан ешқашан тарықтырмайтынын

да айтып отыр.

Оның бойы 2 метр 51 сантиметр. Сондықтан қалыңдығының да бойы ұзын болғанын, 2 метрден кем болмауын қалайды. Оның бұрынғы әйелінің бойы аса ұзын болмапты, небары 1 м 75 см. болған екен.

Кёсен Ресейден өзіне көңілі құлаған қызды тауып жатса, Түркияға алып кетем деп отыр. Одан бір ұл, бір қыз сүйсем деген арманы да бар.

Айтпақшы, Султан Кёсен Гиннестің рекордтар кітабына тек тым бойшандығымен ғана енген, оның алақаны да әлемдегі ең үлкен болып саналады – көлемі 27,5 см. 62-ші размерлі аяқкіім киеді. Кез келген автокөлікке сыйып кете бермейтіні тағы бар. Жер бетіндегі ең ұзын әйел де түркиялық, аты-жөні Румейса Гелги. Оның бойы – 2,16 см.

Адамның өкініші қандай?

Америка Құрама Штаттарының хоспис медбикесі Джули көпшілікке өлім аузында ауыр халде жатқан адамдардың өзегін өртейтін өкініштердің не екені туралы айтып берді.

Джулидің хосписте жұмыс істеп жүргеніне 9 жыл екен. Осы жылдар ішінде «адам өмірінің ақырына қарай не үшін өкінеді?» деген сұрақтың ең жиі кездескен жауаптары туралы бөліскен көрінеді.

Сонда байқағаны, төсек тартып жатқан науқастар өмір мен денсаулығын лайықты деңгейде бағаламағанын, болмашы, маңызсыз дүниелерге тым көп күш жұмсағанын, сонымен қатар өмір бойы жұмыс істеп, отбасымен көп уақыт өткізе алмағандарына өкінген. Сондықтан олар сұхбат барысында адамдарды дәл қазіргі сәттен ләззат алуға, кішкентай нәрселерден қуаныш таба білуге, өмір мен денсаулықты ең бірінші орынға қоюға шақырған.



Тамақтан інжу шықты



АҚШ-тың Нью-Джерси штатының тұрғындары – ерлі-зайыпты мейрамханадан түскі ас ішіп отырып, теңіз тағамынан мыңдаған доллар тұратын інжу тауып алған.

Майкл Спресслер өзінің сүйікті мейрамханасында әйелі Мариямен бірге устрица жеп отырған екен. Кенет аузынан қатты нәрсе сезеді. Тісін сындырып алам деп қорыққан ол аузындағы тамақты әлгі қатты затпен бірге шығарғанда, диаметрі 9 миллиметр болатын інжу шыға келген.

Ерлі-зайыпты бұл мейрамханаға келіп жүргендеріне 34 жыл болған екен. Бірақ мұндай жағдай алғаш рет болған.

Майкл мен Мария Кесслердің айтуынша, інжудің құны мыңдаған доллар, яғни аса құнды болуы мүмкін. Соған қарамастан, олар оны сатып пайда табу туралы мүлдем ойламайды, естелік ретінде сақтағысы келетінін айтқан.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ӘЗІЛ

Қожекен айтыпты...



Бала күнімізде Қожанасыр жайлы әңгіме, әзіл-қалжыңды жатқа соғатынбыз. Сол кезден естіп өскен қуақы қалжыңы есіме түсіп отыр.

Бір күні біреулер Қожанасырдан сұрапты:

– Қожекен, неге осы адамдар бірімен-бірі араласып, әрлі-берлі жүреді?

Қожанасыр сонда:

– Айналайын-ау, бәрі бір жаққа жүрсе жер төңкеріліп кетеді ғой, – деп жауап берген екен.

Мағыналы ғажап айтылған әзіл. «Сатира күлдіріп отырып жылатады, жылатып отырып күлдіреді», – депті Оспанхан Әубәкіров. Білгенге – маржан, өрине!

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.